

Жансая - жеңімпаз!



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик **Асхат Сәлімұлы Иманғалиев** айтыскер ақын **Жансая Мусинаны** университеттің Ғылыми Кеңесінде салтанатты қабылдап, айтыскер ақынға: «Шымкент қаласында өткен республикалық ақындар айтысында топ жарып, Абылай хан атындағы бас жүлде алуыңмен шын жүректен құттықтаймын. Бабадан қалған асыл мұрамыз – айтыс өнерін ұлықтауда шығармашылық шабыт тілеп, ұлы өнердің ең биік шыңын бағындыруға тілектестік білдіремін» деген құттықтауын жолдады.

Ұлт-азаттық қозғалыс және
Махамбет Өтемісұлы

3 бет

Көреңкелерін қуантқан
«Нұрагер»



9 бет

Всегда в строю



10 стр.

На пути преобразований

5 апреля состоялась пресс-конференция с участием ректора ЗКГУ им. М.Утемисова академиком А.С.Иманғалиевым, руководящего состава университета. На пресс-конференцию были приглашены журналисты, учителя города Уральска. Завершился второй год реализации Государственной программы развития образования на 2011–2020 годы. И теперь можно обозреть не только оставшиеся позади трудности, первые достижения, но и уже появившиеся ростки нового. Об этом было опубликовано в газете «Казахстанская Правда» интервью с министром образования и науки РК академиком Бакытжаном Жумагуловым.



Деятельность ЗКГУ напрямую связана с теми процессами, которые происходят в образовательном пространстве страны. Осваиваются новые технологии, расширяются границы обучения студентов и преподавателей в рамках академической мобильности, ученые университета разрабатывают грантово-целевые проекты.

В своем выступлении ректор ЗКГУ А.С.Иманғалиев сказал, что на сегодняшний день более 500 студентов обучились и проходят семестровое обучение в университетах Польши, Германии, России.

Была затронута тема государственной образовательной накопительной системы. Главная цель ГОНС – расширить доступность образования, облегчить казахстанцам накопление средств на обучение детей в вузах и колледжах. Для этого, в дополнение к обычным процентам по депозиту, введена целевая государственная премия в размере 5% в год, а для ряда категорий населения – 7%. Это неплохой стимул для расширения возможностей обучения детей даже при не слишком высоком достатке семьи.

В оптимизации, которая проводится по прямому поручению

Главы государства, во главу угла ставится качество подготовки специалистов и востребованность экономикой. Качественную подготовку могут дать только вузы с сильным составом преподавателей, современной материально-технической базой и эффективными связями с рынком труда.

Оптимизация - не чисто арифметическое сокращение, а в первую очередь укрупнение вузов, усиление их кадрового потенциала и ориентировка на реальный рынок труда. На сегодня число вузов сокращено со 149 до 136 путем их укрупнения.

Также говорилось о внесении изменений в закон об образовании. В частности, ректор А.С.Иманғалиев выделил следующие моменты: обязательное трудоустройство выпускников вузов, обязательная производственная практика студентов, введение 12-летнего образования, усовершенствование учебников, вертикаль контроля качества образовательных услуг (аттестации), отмена ПГК, введение внутренней оценки учебной деятельности. Не прошли стороной тему ЕНТ. Как уже не раз говорил на встрече с абитуриентами и общественностью Асхат Салимович, усложнение заданий не будет, будут лишь превалировать логические задания.

Коснулись темы поступления выпускников школ в зарубежные вузы, при котором не стоит необходимость сдачи ЕНТ. ЕНТ – обязательно для всех, дипломы иностранных вузов подлежат нострификации.

На пресс-конференции выступили также первый проректор ЗКГУ А.С.Тасмагамбетов и руководитель Центра карьеры ЗКГУ А.С.Аманбаев.

«Все процессы служат повышению качества образования. Главный принцип всех преобразований относительно оптимизации вузов в том, чтобы в результате не должен пострадать ни один студент, ни один преподаватель. Основная цель - в оптимизации образовательных программ, что в результате приведет к росту человеческого капитала, - сказал А.С.Тасмагамбетов.

«Ключевым ориентиром есть и будет научно выверенный политический курс Президента страны Нурсултана Назарбаева. Следование этому ориентиру дает мне надежную опору, чтобы действовать всегда только в интересах дела, преодолевая трудности», - было сказано министром образования и науки РК Б.Жумагуловым. И с этим согласны все участники конференции.

12 сәуір – ҚР Ғылым қызметкерлері күні

12 сәуір күні Батыс Қазақстан облысының әкімі Нұрлан Асқарұлы Ноғайев М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамын Ғылым күнімен құштықтады.

Конференцияның пленарлық мәжілісін ашқан университет ректоры Иманғалиев Асхат Сәлімұлы қонақтарға қош келдіңіз айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. 80 жылдық тарихы бар қарашаңырақта білікті маман даярлауда үлкен еңбек сіңірген ғалымдардың бірі де бірегейі профессор Мәтжан Тілеужанов пен ғалым-ұстаз Қалимолла Мырзағалиевтің қажырлы еңбегін атап өтіп, бүгінгі Батыс Қазақстан, Ақтөбе облысы ғалымдарының басын қосып отырған бұл шараның маңызы зор екенін баса айтты.

Университеттің өркендеп өсіп, өзінің тарихы мен салт-дәстүрін жоғалтпай ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп көзінің қарашығындай дақ түсірмей сақтап келуіне үлкен үлес қосып, қабырғасын қалаған ұстаздар - профессор Мәтжан Тілеужановтың жарты ғасырдай өмірі А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық университетімен тығыз байланысты болса, ғалым-ұстаз Қалимолла Мырзағалиев те 1958 жылы Орал пединститутына арнайы шақырумен оқытушылыққа жұмысқа келіп, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде 1958 жылдың тамызынан 2003 жылдың ақпан айына дейін аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Пленарлық мәжілісте тұшымды ойларын білдірген Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты С.Н.Әбділлаұлы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, гуманитарлық зерттеулер институтының директоры А.М.Мұсаұлы және Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, филология ғылымдарының докторы А.Ж.Асанұлы, ҰБА «Өрлеу» АҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты С.С.Ізмұхамбетова фольклорист-жидашы М.Тілеужанов пен

Қос ғалымның құрметіне арналған жиын

Наурыз айының 27-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Батыс Қазақстан өлкесінен шыққан әдебиетші ғалымдар: фольклоршы-этнограф, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәтжан Мақсымұлы Тілеужановтың және әдіскер-педагог, педагогика ғылымының кандидаты, профессор Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевтің 85 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



қазақ әдебиеті әдістемесінің майталманы Қ.Жұмағалиевтің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұраларының мәңгі өшпесін, қазақ әдебиеттану мен отандық әдістеме ғылымдарының дамуына қосқан үлестерінің шексіз екендігін өз баяндамаларында мәлімдеді.

Мәтжан ұстаздан білім алып, биік белестерді бағындырған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да ұстаздық қызмет атқарып келе жатқан өзін аямай, шәкірттерін еркелетіп, аялап жүрген аяулы ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұхамбетқалиева Роза Ғазизқызы өзінің ұстазы М.М.Тілеужанов туралы мәнді де мағыналы құнды деректерді

еске алып, халық жүрегің тулаған толқындай бір тебірентсе, М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы профессор Қ.Мырзағалиев және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы жөнінде тың мәліметтер қозғады және Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы «қазақ тілін интерактивті-мультимедиялық технологиямен оқытудың ғылыми-тәжірибелік қағидалары»

атты баяндамасын оқыды. Артына өшпейтұғын із қалдырған ғалым, қазақ тілі мен әдебиеті ғылымының жарық жұлдыздары М.Тілеужанов пен Қ.Мырзағалиевтің ұрпақтары маңызды шараға қатысып, кешті ұйымдастырушыларға шексіз алғыстарын білдірді. Пленарлық жиыннан кейін үш секция бойынша баяндамалар тыңдалып, қаулы-қарарлар қабылданды.

Өз тілшіміз

ҚОС АЗАМАТТЫҢ ЖАҚҚАН ШЫРАҒЫ МӘҢГІ ӨШПЕЙДІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен дүбірлі жиынға арқау болған Орал өңірінің перзенттері - М.Тілеужанұлы мен Қ.Мырзабаевтың мерейлі 85 жасқа толуы еді. Бұл шарада алпауыт дарын иелерінің шәкірттері, ұрпақтары, ұстаз деп құрметтеп, еңбегін бағалаған батыс өңіріндегі оқу орындарының белді қызметкерлері, жас талапкерлері бас қосты. Жиында ағаларымыз жайында жылы лебіздер, естеліктер айтылды. Қазіргі таңда осы ағаларымыздың еңбегін елеп, небір ғылыми жоба жасап жүрген ғалымдардың баяндамалары дүйім жұртқа жеткізілді.

Пленарлық мәжілістен кейін конференция секциялық жұмыстармен жалғасын тапты. Орал облысының түрлі мектебінен келген мұғалімдер оқушы тәрбиесі жайында әдіс-тәсілдер баяндап, тың жобалар ұсынды.

Осы жұмыстардың ішінде «Кембридж әдісі» біз үшін жаңалық болды. Бұл әдіс алыс шетелдің оқытылу тәжірибесіне негізделген. Жобаны ұсынушы Есетова Бәтима Тілекқабалқызының айтуынша, бұл аталмыш әдіс Орал қаласында жаңадан бастау алуда. Әдіске терең ену үшін Алматыда 7 ай көлемінде оқып машықтанған екен. Бұл әдіс 7 тәсіл, 3 деңгейден тұрып, оқушылардың дөңгелек

үстелде жиналып сабақ өтуімен ерекшеленеді. Бұның негізгі мақсаты - оқушының өзін еркін әрі жайлы сезініп, ойын нақты жеткізуіне негізделген. «Қазақтың дастарханының өзі Кембридж болғаны ғой, кім білсін, бұл әдіс баланың толық шыңдалуына жол ашар, иә болмаса, «болмаса да ұқсап бақ» деп әдісті тәжірибеден өткізу мұғалімдердің міндеті болып отыр ғой»-деп өз ойын жеткізді профессор Серікқали Ғабдешұлы.

Сонымен қатар бұл отырыста 3 деңгейлі оқу жайында сөз қозғалды. Мұғалімдер өзара пікір алысып, әдістерін ұсынды. Жиынға қатысушылардың көңілінен шыққан - «Қожанасыр әдісі». Бұл әдісті оқушылар өте қарапайым меңгере алатын секілді, себебі білетін оқушы үлгерімі төмен оқушыға сабақ барысын, ұқпаған жерлерін түсінуге көмектеседі. Бұл да өте тиімді әдіс екені белгілі. Бұл жиынның, біз үшін, яғни болашақ ұстаздар үшін маңызы зор, келешекте осы жобаларды іс жүзінде қолданатын болғандықтан әрбір айтылған ойларға асқан қызығушылықпен әрі жоғары талғаммен қарай отырып, ой елегінен өткіздік.

Ең бастысы, ағаларымыздың шынайы шәкірттері, жақын жанашырлары жиылған, көзден кетсе де, көңілден кетпейтінін тағы да дәлелдеген керемет басқосу болды. Ағаларымыздың рухына тағзым етіп, олардың ерен еңбектері халық аузында мәңгі өшпейді деп толықтай айта аламыз. Осы ағаларымыздың игі істерін жалғастыру жастардың құзырында. Ағаларымыз жайында толығырақ білуге әрі конференцияға қатысуға себепкер болған Зейнолла ағайға филология бөлімі студенттері атынан үлкен алғысымызды білдіреміз.

Айнұр ДАУЛОВА,
филология бөлімінің 1-курс студенті

■ Махамбет Өтемісұлына - 210 жыл

Батыр есімін ұлықтау - парыз



Биыл ұлт азаттығы үшін күрескен ұлт ақыны, өр рухты батыр Махамбет Өтемісұлының туғанына 210 жыл толып отыр. Осыған орай облыстық көлемде де, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл батыр бабамызға деген құрметтің белгісі екені айқын.

Соның бір дәлелі - дауылпаз ақын есімін иеленген қасиетті қара шаңырақта «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығы мәжілісінің оздырылуы.

Басқосуға М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, оқытушылар, Ақжайықтың ақшағаласы Ақшұпа Батыргереева, ақын Ғайсағали Сейтақ, «Жайық Пресс» ЖШС директоры Жантас Сафуллин, «Орал өңірі» газетінің тілшісі Серік Ықсанғали, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Марат Тоқжановтардың қатысуы бұл шараның маңызын арттырды.

Жиынды ашқан университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев Ұлыстың ұлы күнімен барша қауымды құттықтап, бұл отырыстың мән-мазмұнына тоқталып өтті. БҚМУ-дың ресми атауын «Махамбет» деп атауға ұжым оң көзқарас танытып, қолдау білдіргендерін айтып өтті.

Бұл шараның негізгі мақсаты орталықтың іс-жоспарларымен таныстырумен қатар, М.Өтемісов есімін иеленген киелі шаңырақтың атауын «Махамбет» деп атау туралы ұсынысты ортаға салып, пікір алысу болатын.

Жиында қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Мамыров Азамат Ыбырайұлы «Махамбет» ғылыми орталығының жоспарымен, «Махамбет - қазақтың шарқайрағы» атты студенттер арасында өтетін мүшайра ережесімен, «V Махамбет оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ақпарат хатымен таныстырып өтті және «Махамбет - 210» логотипі мен университет ғимаратының ауласына қойылатын Махамбет баннерін көпшілік назарына ұсынды.

Тарих және құқық факультетінің деканы Физзатов Саялбек Махамбетұлы университетте өткізілуге жоспарланып отырған «Ұлт-азаттық қозғалыс және Махамбет Өтемісұлы» атты дөңгелек үстелдің жұмысына тоқталып өтті.

Пікір алмасуда университет ұжымымен қатар, қатысушы қонақтар да бұл ұсыныстың өте маңызды екенін және олар да бір ауыздан қолдайтындарын жеткізді және өз пікірлерін де қосты.

Шара соңында оқу орнының студенттері ақынға арналған жалынды жырларын және Махамбеттің «Жұмыр қылыш» атты күйін тарту етті.

Светлана БЕККУЖИЕВА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ғылыми кітапхана мен практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы Ж.Д.Қадырғалиевтің жаратылыстану-география факультетінің 01107, 01109-топ студенттеріне жетекшілік етуімен бірлесіп отырып, өр рухты Махамбет бабамыздың 210 жылдық мерейтойына орай «Махамбет - ел азаттығы үшін күрескен ақын, батыр» атты үш тілде шағын поэзиялық кеш болып өтті.

Елім деп еңіреген ер еді...

Кеште Махамбеттің өмір жолын Дүйсенбаева Бибиғұл, Рахимова Айгерім, Курманова Рамина үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) баяндай келе, Қасымова Зинат Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқан термесімен жалғайды. Сонымен қатар Махамбет батырдың өлеңдері қазақ және орыс тілдерінде көрермен назарына ұсынылды.

Одан әрі Махамбет батырдың күйлерінің шығу тарихын студенттер С.Ғабитова, А.Кайрекенова және Қ.Молдағалиев үш тілде баяндай келе, А.Машенов Махамбет батырдың «Жұмыр қылыш» күйін орындап берді. Кеш соңында филология факультетінің 2 курс студенті Ж.Нариманова ғылыми кітапхана ұжымына, үш тілде ұйымдастырылып отырған осы кешке атсалысқан 01107, 01109-топ студенттеріне және ұйымдастырып отырған практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы Ж.Д.Қадырғалиевке алғысын айта отырып, өр рухты Махамбет батырдың 210 жылдық мерейтойына орай поэзиялық кештің үш тілде ұйымдастырылуы арқылы көп тәлім тәрбие ала-алатынымызды айтып кетті.

Ғылыми кітапхананың кітапханашысы Т.С.Нашинова «Елім деп еңіреген ер еді...» атты кітап көрмесін студенттерге таныстырып, көрмеге библиографиялық шолу жасады. Көрме Махамбет бабамыз туралы кітаптар



мен мерзімді басылымдардан құралған. Махамбет шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы және Махамбет жырлары мен күйлері сияқты кітаптар студенттердің қызығушылықтарын туғызды.

Ғылыми кітапхана

Решать проблемы вместе

27 марта состоялась I Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы науки и практики в сфере пресечения недобросовестной конкуренции», проведенная на базе Саратовской государственной юридической академии. В он-лайн режиме в конференции приняли участие ученые и специалисты России, Казахстана, Украины и Азербайджана. Казахстанскую сторону представили главный специалист отдела по правам интеллектуальной собственности Департамента юстиции Западно-Казахстанской области Н.Б.Хамбетов, преподаватели, студенты ЗКГУ, директор Центра стратегического развития и качества О.В.Юров, Департамент науки и коммерциализации ЗКГУ.



Собравшиеся говорили об острой необходимости возрождения обычной чести дела на основе честной конкуренции, создания для этого юридического сопровождения как об огромной социальной задаче работы конференции.

От ЗКГУ на конференции выступили кандидат юридических наук, доцент кафедры правовых дисциплин ЗКГУ Клара Мухамедьяровна Онгарбаева («Охрана прав интеллектуальной собственности в Республике Казахстан») и кандидат экономических наук, доцент кафедры экономической теории и бизнеса ЗКГУ Нафиса Гумаровна Шамакова.

«Проблемы конкуренции на рынке финансовых услуг и антимонопольного регулирования являются весьма актуальными в настоящее время, а добросовестная конкуренция только способствует развитию рынка этих услуг. В связи с этим необходимо регулирование деятельности элементов финансовой системы с точки зрения их правомерной деятельности, которое возможно при их совместной деятельности и антимонопольной службы РК, - было сказано в докладе Н.Г.Шамаковой.

Как сказал, подводя итог конференции, О.В.Юров, прошедшее

мероприятие является показателем активного участия вуза в решении актуальных научных и практических задач на постсоветском пространстве. Наши ученые пользуются заслуженным авторитетом и постоянно принимают участие в подобных конференциях, которые стали традиционными. Для молодых преподавателей ЗКГУ такие конференции являются школой, где можно получить новые знания, освоить методику научного исследования с тем, чтобы в дальнейшем сотрудничать с нашими зарубежными коллегами.

Тематика международных конференций, актуальные проблемы, которые рассматриваются, являются основой для совершенствования содержания образовательного процесса, разработки элективных дисциплин, спецкурсов, студенческих научных работ.

«Используя современные интернет-технологии, мы получили прекрасную возможность делиться опытом с нашими партнерами, обучать наших студентов и в целом активно присутствовать в мировом образовательном пространстве, - заключил О.В.Юров.

Каждый доклад, прослушанный нами, отличался своей новизной и актуальностью темы, ведь все затронутые темы профессиональных докладчиков могут коснуться каждого из жителей стран СНГ. Нас, как потребителей разного рода товаров, данная проблема касается непосредственным образом. В современных условиях важна борьба с недобросовестной конкуренцией, которая приобрела разнообразные формы из-за отсутствия регулирующих их законов. Распространение методов недобросовестной конкуренции подрывает основы экономики нашего развивающегося государства и способствует внедрению в отношения между хозяйствующими субъектами нерыночных методов борьбы. Следовательно, эффективная защита от недобросовестной конкуренции — основа для работы рыночной экономики, что одновременно требует обобщения опыта борьбы с недобросовестной конкуренцией и навыков применения такой борьбы.

Любая деятельность предпринимателя, направленная на получение прибыли, преследует цель сокращения прибыли других предпринимателей, так как поведение хозяйствующих субъектов — борьба за деньги потребителя. Следовательно, поведение любого предпринимателя направлено на уменьшение интересов других предпринимателей, т.е. на нанесение им ущерба. Идет «вражда между предпринимателями, применяя различные способы для «победы над соперником». И здесь вспоминается народная пословица: «На войне все средства хороши», а это в свою очередь не всегда хорошо для потребителей.

Для молодого Казахстана правовое регулирование недобросовестной конкуренции является достаточно новым. Но это не значит, что наша страна не справится с этой проблемой. И так как проблема недобросовестной конкуренции актуальна в любой стране мира, то данную проблему будет намного легче и быстрее решить, если приложить общие усилия стран СНГ.

Хотелось бы отметить, что такие конференции очень положительно сказываются на правовом воспитании молодежи и дают возможность больше получать практических знаний, которые мы будем применять в своей профессиональной деятельности.

Наргиля КУЛИЕВА,
студентка 3 курса специальности «юриспруденция»,
факультет истории и права



■ Махамбет Өтемісұлына - 210 жыл

*Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық...*

Махамбет Өтемісұлы

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың акт залында Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлт-азаттық қозғалыс және Махамбет Өтемісұлы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Ұлт-азаттық қозғалыс және Махамбет Өтемісұлы

Тарих – біздің болашағымыз

Тарих және құқық факультетінде «Қазақстан тарихын зерттеген ғылыми қоғамдар: құрылуы, мақсаттары, ізденістері және зерттеу нәтижелері (XVIII-XX ғғ. басы)» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Жиында тарих факультетінің оқытушы ғалымдары, магистранттары мен студенттері жоба аясында жасалынып жатқан жұмыстармен танысып, ой бөлісті.

Ахмет Байтұрсын «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих. Тарихтың мақсаты бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу, тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын, сымға тартқандай, сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді», - дегендей, тарихпен ұлт тәрбиеленеді. Біз ешқандай тарих кезеңін сызып тастай алмаймыз. Сондықтан Қазақстанның бүгінгісін білу үшін, тарихын да білген жөн.

2012-2014 жж. жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекет қолдау көрсетіп, 2 млн. көлемінде қаржы бөліп отыр. Бірнеше ғасырдың тарихы бар бұл ғылыми-зерттеу аясы өте ауқымды. Бұл орайда бүгінгі таңда университетіміздің магистранттары мен студенттері қазақ тарихына терең көңіл бөліп, еліміздің біртұтас тарихын жазуға үлес қосуда. Жоба аясында Ресей мұрағаттары (Самара, Саратов, Орынбор, т.б.) мен кітапханаларында, сирек кітаптар бөлімдерінде сақталған ғылыми-тарихи зерттеулерге, әдебиеттерге, библиографиялық тарихнамалық тұрғыдан сұрыптау жасалып, жарық көретін монографияларға салыстырмалы дерек ретінде материалдар жинақталуда.

Тарих факультетінің ғалымдарының жоба барысында жасап жатқан ғылыми зерттеулері ғылымға қызыққан жас зерттеушілердің, магистранттар мен студенттердің қызығушылығын оятты.



Жас ғалымдарға мемлекеттік жоба аясында гранттарды ұтып алуға тілектеспіз.

Әсем МЫРЗАБАЕВА,
аймақтану мамандығының студенті

Бұл шараға Батыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы М.Л.Тоғжанов, облыстық мәслихат депутаттары Г.М.Жаңбыршиев, А.Зейнуллаұлы, еңбек ардагері Тихон Әліпқали, «Исатай-Махамбет» қорының директоры Т.Д.Елубаев және БАҚ өкілдері, жас ғалымдар мен студенттер қатынасты.

Жиында ашқан университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев бұл шараның мән-маңызына тоқталып, баяндама жұмыстарына сәттілік тіледі.

Дөңгелек үстел жұмысында «Ұлт-азаттық қозғалыс және Махамбет Өтемісұлы», Отандық тарихтағы махамбеттану саласының зерттелу мәселелері, Жастарға патриоттық тәрбие берудегі Махамбет тағылымы бойынша мәселелер талқыланды.

Шара барысында т.ғ.д. Ұ.Т. Ахметова «XIX ғ. бас кезеңіндегі Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыстар және олардың сабақтастығы» атты баяндамасын оқыса, ф.ғ.д. Ф.Қ.Хасанов «Махамбет толғауларының тілдік ерекшелігі» атты жұмысында Махамбет өлеңдерінің тілдік ерекшеліктеріне тоқталып, кейбір сөздерге түсініктеме беріп өтті.

Тарих және құқық факультетінің деканы, т.ғ.к. С.М.Физатовтың «Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс және оның отандық тарихындағы маңызы», т.ғ.к. М.Ғ. Дюсенғалиеваның «Исатай - басшы, мен - қосшы» және магистрант С.Н.Сақауованың «Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны» атты баяндамаларында көптеген түйткілді мәселелер қозғалып, ұсыныстар қабылданды.

Шара барысында түрлі ұсыныс-пікірлер қаралып, күн тәртібіне қойылды және ректор А.С.Иманғалиев мұрағат деректерімен жұмыс жасаймын, ғылыми зерттеулер жүргіземін деушілерге қолдау білдіретінін баса айтты.

5-я республиканская в ЗКГУ - хорошие результаты!

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова стал хозяином пятой республиканской студенческой олимпиады по географии, которая проходила 26-27 марта в стенах нашего вуза.

Все хлопоты по организации мероприятия республиканского масштаба легли на плечи сотрудников Департамента науки и коммерциализации и преподавателей естественно-географического факультета, в частности – кафедры географии, который возглавляет Валентин Иванович Амельченко, кандидат географических наук, доцент.

Для участия в олимпиаде к нам из 17 университетов, представляющих все уголки нашей Родины, приехали 54 студента со своими руководителями – известными географами Республики Казахстан. Задания для теоретического тура олимпиады составили учёные и ведущие преподаватели Оренбургского педагогического университета, задания практического тура разработаны учёными Оренбургского университета под руководством доктора географических наук, профессора Герасименко Татьяны Ильиничны. Это повысило объективность в проведении и оценке результатов выполненных заданий на олимпиаде.

Олимпиада – прекрасная возможность и оптимальная форма для стимулирования познавательной и исследовательской деятельности студентов, раскрытия творческого потенциала и формирования активного отношения к совершенствованию системы образования. Кроме этого, происходит общение студентов университетов страны, обмен опытом преподавателей, расширяется общекультурный кругозор студентов и преподавателей.

Олимпиада по географии проводилась в форме очного соревнования студентов, которое предусматривало выполнение заданий, имеющих теоретическую и практическую направленность. В олимпиаде по географии приняли участие студенты 2-го, 3-го курсов очного отделения из ВУЗов Республики Казахстан, обучающиеся по специальностям: 5В011600 – «География», 5В060900 – «География».

В первый день олимпиады состоялся первый тур, на котором были предложены теоретические задания по физической географии материков и океанов, экономической, социальной и политической географии зарубежных стран, геоморфологии и гидрологии. Второй тур состоялся во второй день олимпиады, на нем были предложены задания практической направленности физической и экономической географии Казахстана. Рабочими языками олимпиады – являлись казахский и русский.

Жюри определило критерии оценки и порядок подсчета баллов, самостоятельно осуществило проверку и оценку выполненных заданий и приняло решение по награждению участников на основе результатов олимпиады, которые выглядят следующим образом:

Специальность 5В011600 «География образовательного направления» – командные места:

1 место – ЗКГУ им. М. Утемисова (Филонов Владимир, Мурзатаева Мария);

2 место – Ақтебе мемлекеттік педагогикалық институты (Бижанов Дидар Шамильұлы, Елеуов Нұрсұлтан);

3 место – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Хорғасбай Еңлік Тохполатқызы, Жұмабаева Назерке Сәдуахасқызы)

Специальность 5В011600 «География образовательного направления» - личные места:



1. Шадский Евгений - Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

2. Жұмабаева Назерке - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

3. Круч Татьяна - Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.

Специальность 5В060900 – «География естественно-научного направления» командные места:

1. М.Козыбаев Атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Еньшина Лилия Камилевна, Шугулова Дина);

2. Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті (Буменова Саида Бекбулатовна, Кабдуш Ержан Байсарыұлы);

3. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті (Оспанбаева Айдана Амангельдықызы, Максимов Ақбота Максимқызы)

Специальность 5В060900 – «География естественно-научного направления» – личные места:

1. Еньшина Лилия Камилевна - М.Козыбаев Атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;

2. Шугулова Дина - М.Козыбаев Атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;

3. Буменова Саида Бекбулатовна – Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті.

Владимир Филонов, Мария Мурзатаева, победители олимпиады в командном зачете по географии образовательного направления, считают, что нынешние задания были значительно сложнее, больше вопросов. «Но зато мы лучше узнаем своих будущих коллег, закрепляется дружба между студентами различных университетов», - уверены студенты.

Своей радостью поделился с читателями газеты «Оркен» победитель в личном зачете студент Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова Евгений Шадский.

-Я посвящаяю свою победу своей любимой кафедре географии КарГУ! – заявил Евгений.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

4 апреля в ходе рабочей командировки директор департамента стратегического развития и качества ЗКГУ им. М.Утемисова к.п.н., доцент Олег Винальевич Юров встретился с представителями Поволжского государственного университета сервиса в г. Тольятти. В рамках встречи были обсуждены планы дальнейшего сотрудничества вузов. В повестку дня вошли вопросы двустороннего академического обмена студентами и магистрантами.

ЗНАК ПРИЗНАНИЯ И УВАЖЕНИЯ



Договор о сотрудничестве в области высшего, послевузовского образования и науки между Поволжским государственным университетом сервиса и Западно-Казахстанским государственным университетом им. М. Утемисова действует с 2007 года. В 2012 году студенты ЗКГУ прошли обучение по трем дисциплинам в период с 19 по 24 марта. По итогам обучения ФГБОУ ВПО «ПВГУС» выдало подтверждающие документы об освоении учебных программ.

Решением ученого совета Поволжского государственного университета сервиса (РФ, г.Тольятти) ректору ЗКГУ им. М.Утемисова доктору педагогических наук, академику А.С.Имангалиеву присвоено звание почетного профессора ПВГУС в вручением мантии почетного профессора.

Оқушылардың білімі сараланды

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандықтарға Жолдауында Отанымыздың 2050 жылға дейінгі дамуының стратегиялық ерекшеліктері анықталған. Жолдауда айтылғандай, бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Алға қойылған мақсатты орындау үшін республиканың ақыл-ойы, шығармашыл потенциалын өсіру қажет, дарынды балаларды анықтау мен дамыту үшін өркендетті жағдайлар жасау керек. Дарындылықты анықтаудың бір жолы - олимпиадалар, жарыстар, конкурстар өткізу. Осы бағытта 28 наурызда М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Тарих және құқық факультетінің ҚР тарихы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы Батыс Қазақстан облысының жалпы орта білім беретін мектептерінің, мектеп-гимназияларының 10-11 сынып оқушыларына арналған тарих пәнінен олимпиада ұйымдастырды.

Оқушыларға арналған тарих пәнінен олимпиаданың негізгі мақсаты - оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын дамыту, пәндік білімін тереңдету, дарынды балаларды анықтау, ең бастысы, өскелең ұрпақтарды мамандыққа кәсіби шыңдау үшін қажетті жағдай жасау.

Олимпиада жазбаша жұмыс – эссе жазу, «Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың өзекті мәселелері» тақырыбында жобаны қорғау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта міндетті білім беру стандартына сәйкес Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы пәндерінен тестілеуден тұрған 3 тур бойынша өткізілді.

Әзілқазылар алқасы Қазақстан Республикасы тарихы, Дүниежүзі тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер, Құқықтық



пәндер кафедраларының жоғары кәсіби білікті мамандар, тарихшы-ғалымдарынан құралды.

Олимпиада тарих және құқық факультетінің акт залында басталып, оны ОӘ жұмыс жөніндегі проректор Ф.Қ. Жүсіпқалиева, факультет деканы С.М. Физзатов құттықтау сөзімен ашты. Концерттік нөмірлерден соң орта мектептердің 10-11 сыныптарынан 49 оқушының білімі сараланды.

Алдын-ала жасақталған әділқазылар алқасы оқушылардың жұмыстарын бағалап, марапаттауға ұсынды. Әділқазылар алқасының шешімімен 11-сынып қазақ бөлімінен I орынды ОДБАММИ оқушысы Орынбасаров Мирас, II орынды Асан мектебінің оқушысы Галиева Дина, III орынды Ақсуат ЖОББМ оқушысы Сундеткалиев Шындаулет, 11-сынып орыс бөлімінен

I орынды Орал қалалық № 9 ЖОББМ оқушысы Боранбаева Айгерим, II орынды Орал қалалық № 20 ЖОББМ оқушысы Азат Анель, III орынды Орал қалалық № 21 ЖОББМ оқушысы Темеш Айгерим, 10-сынып қазақ бөлімінен I орынды А.Тайманов атындағы № 34 мектеп-гимназиясының оқушысы Шуйнов Азамат, II орынды Орал қалалық № 41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейдің оқушысы Қадрболатов Ершат, III орынды Орал қалалық № 22 ЖОББМ оқушысы Айтұов Асет, 10-сынып орыс бөлімінен I орынды Орал қалалық № 45 ЖОББМ оқушысы Есеев Ердан, II орынды Орал қалалық № 16 ЖОББМ оқушысы Шағатаев Данильхан, III орынды Орал қалалық № 13 ЖОББМ оқушысы Маркова Светлана иеленді. Батыс Қазақстан облысының жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасындағы пәндік олимпиадада мазмұнды әрі өзінің ұшқыр ойымын танылған жазбаша жұмыс – эссе ұсынғаны үшін Орал қалалық № 13 ЖОББМ оқушысы Сабырханов Қуандық, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы пәндерінен тестілеуден үздік нәтиже көрсеткені үшін Орал қалалық № 12 ЖОББМ оқушысы Жумағалиева Ақторғын, өзекті де маңызды жоба ұсынғаны үшін Орал қалалық А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназия оқушылары Масғұт Ерсултан, Базарбаева Алтын, олимпиадаға оқушыларды дайындаған, қатыстырған мектеп немесе мектеп-гимназия әкімшіліктері, пән мұғалімдері ректордың атынан алғыс хаттармен марапатталды.

Факультет әкімшілігі Орал қалалық білім басқармасына, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасына осы пәндік олимпиаданы ұйымдастыруға атсалысқаны үшін шексіз алғысын білдіреді. Сондай-ақ, 80-жылдық тарихы бар, тұлға, қоғам мен мемлекет талаптарына сай, білім, өнер мен мәдениеттің дамуына оң әсер ете алатын, технологияның озық тәжірибелерін пайдалана отырып, жоғары білім беретін М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға шақырамыз!

Жанар МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА,
«Қазақстан Республикасы тарихы»
кафедрасының оқытушысы



М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың орталық мұражайында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесіне орай университет түлегі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ниязғалиева Ағилад Әділқызымен «Сыйынар ем, Ана деген Тәңірге!» атты кездесуі кеші өткізілді.

Әсерлі кездесу

Ниязғалиева Ағилад Әділқызы 1958 жылы 12 мамырда Орал облысы, Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылында дүниеге келген. 1984 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітіріп, алғашқы еңбек жолын ауданындағы Қаракөл орта мектебінде ұстаздық етуден бастаған.

1987 жылдан бері 80 жылдық тарихы бар қара шаңырақта тап-жылмай еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаздың еңбегі ерен.

Бүгінгі таңда Ақзия Әділқызы - «Қазақ филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы және қоғамдық жұмыстарға белсене араласады: кафедраның сарапшылар комиссиясының мүшесі, кафедраның оқу-әдістемелік семинарын басқарады, куратор-эдвайзер қызметін де қоса атқарады.

А.Ә.Ниязғалиева жетекшілік ететін топ студенттері оқуда да, қоғамдық жұмыста да белсенділік танытып келеді.

Байсалды, жауапкершілігі және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, әріптестері және студенттерінің арасында сыйлы ұстаз, отбасында адал жар және аяулы ана – Ағилад Әділқызы өзі туралы мәліметтермен толықтыра отырып, студенттерге тәлім-тәрбие боларлық ақыл-кеңесін де аямады.

Тағылымға толы шараға қатысқан кеш кейіпкерінің әріптесі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Азамат Ыбырайұлы Мамыров сөз сөйлеп, жылы лебізін жолдады.

Ұлтының қамын ойлаған асыл ұстаз, абзал анаға қандай тілек тілесен де артық болмас. Осы орайда студенттер де жақұтты жырдан шашу шашып, әсем әндерін тарту етті.

Мұндай тәлім-тәрбиеге толы шаралардың студенттерге берері мол, сондықтан келешекте де жақсы істердің жалғасын табарына сеніміміз мол.

Жсайықта бар ақын қыз, Жсыр додада топ жарған!

Айтыс өнері - атадан балаға мирас болып келген, халқымыздың рухани төл мәдениетінің бір бөлшегі. Айтыстың өміршеңдігін бүгінгі күнге жетіп, жаңа заманға сай, дамып, жетіліп отыруынан көреміз. Дала еркіндігінің ерекше үлгісі болған айтыс қай кезде болса да халықтың талап-тілегін, мақсат-мүддесін орындап, ел үмітінің үдесінен шығып отырған.

Дана халқымыз әркез дархан даламызды домбыраның үнімен, ақындардың мәйекті сөздерімен тербеп отырған. Фольклорлық дәстүрдің жаңашылдықпен жалғастық табуы бүгінгі айтыстан да көрінеді.

Қазіргі айтыстың тәуелсіздік алғаннан кейінгі мезгілде ерекше дамуы, халықтың ыстық ықыласына бөленуі сол айтыстың тек қана әлеуметтік өмір шындығын айтуында болды.

Айтыста сан алуан тақырып қозғалады. Әсіресе, егемендік алған жылдардан кейінгі айтыста тәуелсіздік тақырыбын жырлау, азаттықты ұлықтау, еркіндікті емірене жырлап, бабалар арманы мен боздақтарымыздың қанымен келген қасиетті ұғымды жырлауда айтыс өнері жауынгерлік танытты десек артық айтқандық болмас.

Әдебиеттану ғылымында қазіргі кезең әдебиетіндегі ұлттық идеялар, ұлттық сипаттағы мәселелер төңірегінде біршама сөз айтылып келеді. Айтыс та қазақ рухани мәдениетінің бір бөлшегі ретінде ұлттық мәселелерді осы тәуелсіздік кезеңімен байланысты қозғап келе жатырғаны шындық. Елдік, еркіндік туралы айтқанда, осы жолда күрескен, ел басқаруда ерен еңбек танытқан ұлы тұлғаларымызды дәріптеуде бүгінгі айтыс өнерінің рөлі зор деп айта аламыз.

Ұлы тұлғаларды дәріптеу – ұлттық құндылықтарды ұлағаттаумен теңесетіні айқын. Осы тұста Шымкент қаласында өткен Төле бидің 350 жылдық, Абылай ханның 300 жылдық мерейтойы қарсаңында республикалық ақындар айтысы өткенін білеміз. Біржан мен Сара, Шөже, Шашубай, Жамбыл, Құлмамбет, Айкүмістердің жолын жалғастырып, суырыпсалмалықтың игі дәстүрін танытып жүрген майталман айтыс ақындары бас қосты. Төбе би – Төле биіміз бен үш жүздің басын біріктірген хан Абылайды жырлады. Ақындық – бұл тек шығармашылық емес, шын шеберлік пен тума талантты қажет етеді. Бабалар мұрасын жырлауда шынайы шеберліктерін танытқан ақындар тыңдарман қауымды бір қуантқаны рас. Осы айтыста университетіміздің мақтанышы, бүгінде ұлы өнердің көркемдік ерекшелігін ғылыми негізде талдауда магистрлік жұмысын жазып жатқан М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты, Жайықтың Жансаясына айналған ақын қызымыз жыр додасында дара шықты. Белгілі айтыскер ақындар Бекарыс Шойбеков, Біржан Байтуов, Нұрлан Есенқұловтармен сөз қағыстырған Жансая ақын шымқала тыңдармандарының




көзайымына айналып, өзі қызмет атқарып жатқан білім ордасы мен Жайық жұртын қуанышқа бөледі.

«Айтысқа тәуекел деп келетін ек, Шашамыз жеткен жерге желетін ек. Жансая, мына сенің атыңды естіп, Жаны нәзік қыз ғой деп сенетін ек. Қыз Жібек елінен келгеннен соң, Үзіліп тұратындай көретін ек. Кешегі айтысыңнан байқап қалдым, Бар сөзді қойдың маған неге тіреп? «Бекарыстан басқа шақ келмейсің» деп, Айтқан сөзің емес пе дөрекірек? Келе сала Бекарысты іздейтіндей Сені алып бара жатқан не көкірек?» деп айтқан Бекарыс ақынның сұрағына Жансая да қарымтасын қайтарды: Батыста төрт батыр қыз бар емес пе? Тарихтың тағылымынан ол да мәлім. Батыр қыз Әлияны білесіңдер, Тайсалмай елді жаудан қорғағаны. Мәншүкті білесіңдер Мәметова, Ерке өскен елігіндей ен даланың. Хиуаз Доспанова ұшқыш болып, Жұмысын атқарып ед ер баланың. Үшеуінің кеп тұрмын ауылынан, Мен қалай өзгелерге жем боламын? Қысқасы қарсыласым сақ боп отыр, Солардың төртіншісі мен боламын.

Міне, біздің Жансая батыр қыздардың ерлігі мен өрлігін, намысын биікке қойған ақын қыз екенін танытты. Ол айтыста осы ұстанымын әркез жоғары қойып келеді.

ЕҢБЕК АДАМЫН ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ!

Өмірге келген әр пенденің маңдайына әрқилы нәрселер жазылады. Адамның өмірге деген көзқарасы оның ортасына да байланысты секілді. Қоғам жоқ жерде адамның өмір сүруі де қиын. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты десек еш қателескендігіміз емес. Еліміздің дамып, өркендеуі үшін еңбекке қабілетті жандардың барлығы дерлік күш жұмылдырып, барынша тер төгу үстінде. Сол көптің ішінде, университетіміздің аула сыпырушысы – Аққалиев Роман ағамыз да бар. Ол кісі де университетіміздің тазалығы үшін, қаламыздың, қала берді еліміздің гүлденуі үшін қолынан келгенше еңбек етуде.



Оқу күндерінің бірінде, сабақ уақытынан кейін Роман ағамызды іздеп, арнайы бардым. Күзетшілер ол кісінің кетіп қалғандығын айтты. Арада 2-3 күн өткеннен кейін қайтадан бардым. Бұл жолы ағамызды жолықтырдым. Келген шаруамды айтып, «Сізге қоятын сұрақтарым бар еді, тыныш жерге барып өңгімелесек» деген өтінішімді білдірдім. Басында таңырқаған кейіп танытқан ағамыз, сәл ойланып, келісімін берді. Университет ішінен бос аудитория таба алмағандықтан, жақын жерде орналасқан шайханаға бас сұқтық. Алдымызға шай алдырып, шағын сұхбатымызға кірісіп те кеттік. Басында қойған сұрақтарыма қысқа ғана жауап қайтарып отырған ағамыз, өңгімеіміздің ортасына қарай ашыла түсті. Өзінің ойын ашық білдіріп, қазіргі дипломы бар, бірақ жұмыс істеуге құлықсыз жастарға таң қалатынын да жеткізді. Сөз етіп отырған Роман ағамыз Қаратөбе жерінде туып-өскен екен. Тағдырдың жазуымен ата-анасынан ерте айырылыпты. Отбасы туралы сұрағанымда ағамыз күрсініп алды.

Бұл жұмыс орнына 2008 жылдың соңғы айларының бірінде кіріпті. Содан бері өзіне артылған міндеттерді жақсы етіп орындап келеді. Шағын сұхбатымыздың барысында ол кісі жұмысына алаңдаулы күйде отырды. Сонысына қарап, өз ісіне адал берілген қызметкер екендігін де аңғардық. Кейде ағамыз өз міндетіне кірмейтін істерді де жасай береді екен. Жұмысқа деген әрбір адамның жауапкершілігі қандай болуы керек деген сауалыма: «Әрбір қызметкер, ол мейлі бастық болсын, мейлі кіші қызметкер болсын өз ісін адал атқаруы керек, бей-жай қарамауы тиіс» деп жауап берді. «Қазіргі жастар жағы іске икемсіз, әрі жұмыс таңдағыш келеді. Оларға салсаңыз жалақысы жоғары, жұмысы жеңіл болуы керек. Қазіргі кезде жұмыс істеймін деген жанға екі қолға бір күрек табылады» дейді Роман ағамыз өңгіме арасында.

Бірде өзімізге сабақ беретін ұстазымыз Роза алай университетке келе жатып, аула сыпырып жүрген Роман ағамызды көріпті. Роза алай: «Балам, жапырақ дегенің ағаштан түсе береді ғой, оны сыпырып қайтесің» депті. Сонда Роман ағамыз: «Апа-ау, мен өз Отанымның жерін сыпырып жатырмын ғой» деп жауап беріпті. Біз бұл оқиғаны Роза алайдың өзінен естідік.

Бүгінгі таңда баспасөз бетіне ылғи жоғары жақта отырғандар туралы жазылады. Ал қоғамның дамуы үшін өз үлесін қосып жүрген Роман секілді ағаларымыз назардан тыс қалып жатады. Бұл мақаланы жазудағы мақсат - Роман сынды қоңыр тіршілік кешіп, ісіне жауапкершілікпен қарайтын қарапайым еңбек адамын көпшілікке таныстыру және ол кісіні үлгі-өнеге тұтқызу еді. Біз сол сенімнің үдесінен шықтық деп ойлаймыз.

Жанайдар БОЛАТБЕКҰЛЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Айтыс сахнасында:


«Бұл қазақ тұмысынан өрелі еді,
Тарихты ақтармасақ көнереді.
Абылай ханымыздың үш жүз жылы
Бүгінгі үлкен тойдың себебі еді.
Батырдың ішіндегі шебері еді,
Көсемнің ішіндегі көрегені.
Алашты ақ туына біріктірген,
Бәрінен биік тұрған беделі еді,
Алпауыт көршілерден алып қалған
Саяси сауаты оның өнері еді.
Тек қана сіздер тойлап жатырсыздар
Халыққа айтыс қылып өнегелі.
Ерлерге ұлтым деген әуел бастан
Құрметі оңтүстіктің бөлек еді.
Өйтпесе Абылай хан ортақ тұлға,
Бұл жағдай ойлантпасын неге мені?
Үш жүздің басын қосқан бабам тойын,

Үш жүзім түгел тойлау керек еді!» деп баба рухына жыр арнаған Жансая бұл жыр додасында оза шауып, Абылай хан атына тігілген бас жүлдені иеленіп, темір тұлпарды тақымына қыстырса, шымкенттік ақын Біржан Байтуов Төле би атындағы екінші бас жүлдеге қол жеткізді.

Ұлы тұлғаларымызды ұлықтауда темір тұлпармен шектелмейтіні белгілі, бұл – ұлы өнерге деген, осы өнерде сөз жарыстырып, тер төгіп жүрген ақындардың еңбегіне деген айтыс жанашырларының қолдауы мен қошеметі деп ұғамыз. Жансая әріптесімізге айтыс өнерінің ең биік шыңын бағындыруға тілектестік білдіріп, Жайықтың Жансаясы, халықтың ақын қызы боп жүре бер демекпіз.

Рүта СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

■ 12 апреля - День работников науки



В своем Послании народу Казахстана Президент Нурсултан Назарбаев говорил об особой роли науки и образования в развитии и становлении независимого государства. Выйти на мировой рынок, стать высокоразвитой державой можно, имея серьезный научный потенциал. Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова, один из старейших вузов страны, который в 2012 году отметил свое 80-летие, готовит научные кадры по многим специальностям. Особо почетное место занимает в университете старейший факультет – естественно-географический. Далеко за пределами кафедры ботаники известны имена таких ученых, как профессор В.В.Иванов, его учеников М.М.Фартушиной, Т.Е.Дарбаевой.

Наука экология – наука жизни

Кандидат биологических наук, доцент ЗКГУ им. М.Утемисова Гульжахан Смаиловна Кайсағалиева имеет большой опыт руководящей работы. В 2004-2011 годах руководила кафедрой биологии, затем была назначена директором департамента по академическим вопросам и Болонскому процессу.

Наш край богат природными ресурсами, которые кажутся на первый взгляд неисчерпаемыми. Нерациональное использование этих ресурсов, дилетантский подход в их освоении может привести к экологической катастрофе. Под руководством профессора М.М.Фартушиной с 1992 года Гульжахан Смаиловна проводит научные исследования по определению биологической продуктивности, продукционно-деструкционных процессов, биоэнергетики, биологического круговорота азота и зольных элементов в растительных сообществах зоны степей, полупустынь и пустынь. Под руководством профессора М.М.Фартушиной в декабре 2001 года Г.С.Кайсағалиева защитила кандидатскую диссертацию на тему «Динамика биологической продуктивности растительных сообществ Урало-Кушского междуречья и их современное состояние», опубликовала более 50 печатных работ в сборниках конференций международного, республиканского

и регионального значений. В декабре 2011 года награждена наградным знаком им. Ыбырай Алтынсарина.

«Достижения ученого – это результат работы целой кафедры. За последние три года учеными кафедры ботаники был разработан ряд финансируемых исследований, такие как «Устойчивые характеристики и балансовая математическая модель круговорота вещества и энергии в экосистемах Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения и прилегающих территорий на основании 50-летнего мониторинга», программа «Научные исследования в области охраны окружающей среды», «Комплексное изучение экологического состояния бассейна реки Урал». Сейчас заниматься наукой становится финансово выгодно. Сотрудники кафедры продолжают комплексные исследования биогеноценозов Северного Каспия, исследуют различные экосистемы Западно-Казахстанской области, уделяя особое внимание сохранению биоразнообразия, влиянию техногенного пресса на типы биологического круговорота химических элементов и энергии, а также состоянию природных экосистем и природно-антропогенных геосистем.

Соб. кор.

Итоги регионального конкурса рефератов «Исторические памятники города Уральска»

8 апреля 2013 года в городской библиотеке №13 прошёл региональный конкурс рефератов по краеведению «Исторические памятники города Уральска». Всего на конкурс поступило 23 работы из школ № 5, 16, 21, 34, 39. Члены жюри допустили до финала 12 работ.

Победителем конкурса стала ученица 5 класса СОШ № 21 Айгерим Нурпеисова, которая выбрала тему реферата «Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова». Собирая сведения для своей работы, Айгерим побывала в музее университета, где хранится бесценный материал, побеседовала с преподавателями и студентами университета.

Ректорат вуза в лице ректора доктора педагогических наук, академика Асхата Салимовича Имангалиева выразил благодарность Айгерим и пожелал творческих успехов, а по окончании школы пригласил для дальнейшего обучения в один из лучших вузов страны, который в 2012 году отметил своё 80-летие!

От лица администрации школы хочется поблагодарить ректорат университета за внимание, оказанное ученице нашей школы, всем преподавателям и студентам вуза за поддержку, надеемся на дальнейшее плодотворное сотрудничество.

Гульмира ТАСЕМЕНОВА,

учитель русского языка и литературы СОШ №21, руководитель проекта



Номинированы все работы

2 апреля состоялся ежегодный конкурс «Внедрение информационных технологий». В этом учебном году для участия в конкурсе изначально было заявлено 47 работ. Из них по 37 работам были сданы необходимые для участия в конкурсе документы. Для проверки комиссией, во главе с председателем А.С.Тасмагамбетовым, первым проректором ЗКГУ, были отобраны 23 работы.

Рассмотрение проектов проводилось согласно критериям оценки качества и эффективности использования инновационных методов обучения, где главными показателями являются актуальность и новизна, реалистичность, повышение качества знаний студентов, полученных при использовании инновационных технологий и др. Ко второму туру конкурса допущены 16 работ, но одна работа не была представлена в связи с отсутствием участника.

По оценке ректора ЗКГУ А.С.Имангалиева, такие конкурсы нужны для улучшения качества учебного процесса. «Все доклады достойны внимания. Необходимо наметить конкретные пути внедрения всех проектов в учебный процесс, чтобы все работы на остались без внимания и были применены на практике». Асхат Салимович предложил поводить конкурс вначале на уровне факультета, лучшие проекты рассматривать на общеуниверситетском конкурсе, а затем выходить на республиканский уровень.

«Все работы содержательные, в них есть новизна», - отметил Асхат Салимович.

По решению комиссии было принято решение номинировать все работы и не называть победителей.

С целью обмена опытом по внедрению информационных технологий в учебный процесс при формировании информационно-образовательной среды вуза в рамках академической мобильности директор Департамента инновационных технологий ЗКГУ им. М.Утемисова Д.Г.Габдуллаев побывал в университетах Польши и Германии.

Плодотворная поездка

Поездка, которая продлилась с 19 по 28 февраля, была предельно насыщенной. Помимо ознакомления с новыми технологиями и научно-исследовательскими направлениями в деятельности европейских вузов, был налажен личный контакт с ведущими учеными Польши и Германии в сфере инновационных технологий.

Университет Казимира Великого (г. Быдгощ) - это самый молодой широкопрофильный Университет Польши. Этот статус был присвоен в 2005 году, но история вуза насчитывает 40 лет славных учебных традиций Высших Школ Быдгоща. Д.Г.Габдуллаев посетил отделы, где широко применяются новые технологии: лабораторию мехатроники и робототехники и институт биотехнологий и др.

25 февраля 2013 года состоялся деловой визит в Университет им. Отто-фон-Герике (г. Магдебург, Германия). Руководитель

МЕДАЛЬ ДЛЯ БИБЛИОТЕКАРЯ

Накануне Дня работников науки Республики Казахстан Ассоциацией вузов РК была отмечена деятельность директора научной библиотеки ЗКГУ им. Махамбета Утемисова Тоты Еркиновны Алимбекеровой. Ей была присуждена бронзовая медаль имени Ахмета Байтурсынова за большой вклад по обеспечению учебного процесса учебниками нового поколения, в том числе на казахском языке. Всего по республике этой медалью были отмечены директора библиотек пяти ведущих вузов страны.



По тематическому плану библиотекой ЗКГУ в 2011 году было приобретено 1213 экземпляров учебников, в 2012 году – 1073, за счет вуза приобретено 566, всего – 2852 экземпляров на казахском языке.

«На 2014-2016 годы готовится тематический план по изданию базовых учебников, и я надеюсь, что в этот период учеными нашего вуза будет подано больше заявок на издание базовых учебников. Ассоциацией вузов РК было изданы учебники наших преподавателей доктором педагогических наук А.Муханбетжановой, доктора педагогических наук С.Бахитовой, кандидата педагогических наук А.Медешовой, кандидата экономических наук Б.Сагиновой. Отобранные МОН РК к изданию учебники кандидатов филологических наук У.Ержановой, Н.Жигалина и кандидата педагогических наук Г.Ергалиевой, - сказала Тоты Алимбекерова.

РАСШИРЕНИЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

1 апреля был представлен обновленный сайт Научной библиотеки и презентацию электронного каталога с выходом в Интернет на базе библиотечной программы ИРБИС 64.

Всю информацию о библиотеке можно найти в разделе «О библиотеке».

В рубрике «Новости» отражена информация о мероприятиях, проводимых в стенах библиотеки, в том числе о проведенных онлайн семинарах по зарубежным научным базам, таких как THOMSON REUTERS, Elsevier, Springer и расписание их ближайших семинаров.

Также на сайте можно найти информацию об истории, структуре, регламенте работы, контактную информацию и правила пользования библиотекой.

«Особо хочу обратить ваше внимание, - сказала директор научной библиотеки Тоты Еркиновна Алимбекерова, - на рубрику «Импакт-фактор», где можно ознакомиться с понятием «Импакт-фактор», с инструкцией по учету публикации профессорско-преподавательского состава, дается список журналов с импакт-факторов, реестр публикации и Казахстанская база цитирования.

Научная библиотека является областным методическим центром для библиотек колледжей и вузов по Западно-Казахстанской области, куда они могут обращаться в любое время за помощью.

Тоты Еркиновна поблагодарила за поддержку в создании сайта ректора ЗКГУ Асхата Салимовича Имангалиева, директора Центра стратегического развития и качества Олега Винальевича Юрова, проректора по научной работе и международному сотрудничеству Әбілсеіта Қапизұлы Мұқтар. В организации и создании сайта приняли участие студентка 4-го курса по специальности «информатика» Айша Мухтарова, Тимур Измагамбетов, специалист IT-отдела, коллектив научной библиотеки.

Сайт научной библиотеки
ЗКГУ им. М. Утемисова library.wksu.kz

международного отдела доктор Уве Генецке продемонстрировал электронную презентацию Университета (структура университета, международное сотрудничество, программы университета), провел экскурсию по корпусам факультетов, библиотеке, кампусу. Затронули тему сотрудничества между нашими вузами.

26 февраля Д.Г.Габдуллаев посетил университет Экономиики.

«В результате визита в университеты Польши и Германии мне довелось встретиться с видными учеными, в том числе специалистами в области информатики и информационных технологий. Новые знания позволяют пересмотреть свою работу прежде всего как IT-специалиста и изменить технологию управления персоналом Департамента инновационных технологий. Применение информационных технологий в IT-менеджменте решит большинство проблем по автоматизации и системному управлению деятельности вуза, - сказал Даурен Гарипович.

Изучив передовой опыт польских и немецких ученых в области внедрения информационных технологий в учебный процесс, администрацией Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова решено в сентябре 2013 года на базе парка информационных технологий «Махамбет» открыть лабораторию мехатроники и робототехники.

Жаңа бағдарлама - жаңа міндет

Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын жарқын болашақты айқындайтын құжат деп айтуға әбден болады. Өйткені ол 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму жолымызды анықтады. Елбасының сөзімен айтсақ, басты мақсатымыз - 2050 жылы мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Әрине, қазақ елінің жиырма жыл ішінде жеткен жетістіктері аз емес. Бұған дейін жарық көрген «Қазақстан-2030» стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, өлі де орындалу үстінде. Сондықтан азаматтардың болашаққа, ертеңгі өрлеу жолына деген сенімі есте жоғалмақ емес, күмәндануға да негіз жоқ.

Ел болашағын өркендетудің жан-жақты жолдарын қамтыған бағдарлама жеті бағыттан тұрады. Оның ішінде төртіншісі, яғни жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттігі білім саласы қызметкерлері үшін аса маңызды. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді. Осыдан барып, жетінші бағыт - қазақстандық патриотизмді нығайту міндеті туындайды. «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс» дегенді Елбасы ерекше атап өтті. Біз ел болашағын сенімді

жастардың қолына тапсыруға тиіспіз, сондықтан саналы тәрбие сапалы біліммен қатар жүруі тиіс.

Ұлт көшбасшысы лайықты болашаққа негізделген жаңа саяси және экономикалық бағытты жариялады. Аталған стратегияда болашақтың нақты, толық жоспары қамтылған. Оның табысты жүзеге асырылуы үшін біз өзіміздің санамызды өзгертіп, өз-өзімізді тәрбиелеуіміз, алдымызға биік мақсаттар қойып, елімізбен бірге соған ұмтылуымыз керек. Білім қуған жас ұрпақтың санасына осыны жеткізген жөн.

Жолдауды орындауда әр ұжымның өз алдына қойған міндеттері бар. Ал біз ұрпақ тәрбиелейміз. Соның ішінде жас буынды өнерге қанаттандыру, шынайы өнер арқылы тәрбиелі де мәдениетті мамандар даярлау - біздің ұжымның ортақ ісі. Дегенмен, Елбасының барлық басталамаларын толығымен қолдайтын әр қазақстандық барлық күш-жігерін бағдарламада көрсетілген міндеттерді орындауға жұмсары сөзсіз. «Қазақстан-2050» стратегиясында мазмұндалған жоспарлардың барлығы сәтті іске асырылады деп сенемін, оған Ұлтымыз бен Елбасымыздың бірлігі, халқымыздың сарқылмас күші мен жасампаз қуаты кепіл болады.

Меңдіғаным НАГИМОВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
мәдениет және өнер факультетінің деканы

«Есеп және қаржы» кафедрасының оқытушысы, 09104-топ кураторы М.Н.Медеуованың ұйымдастыруымен М.Горький атындағы қалалық кітапханасы қабырғасында Елбасының «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттауға арналған кураторлық сағат өткізілді.

Елбасы Жолдауы - болашаққа деген сенім



Бұл шара барысында Махаббат Нұрланқызы еліміздің 2050 жылға дейінгі экономикалық дамуын, саяси және барлық салалар бойынша бағыт-бағдарын көрсетіп берген Жолдаудың мән-мазмұнын түсіндіре отырып, бұл Жолдау Қазақстанның алдындағы жаһандық стратегия мен мүмкіндіктерге жол ашқан, әлемдік геосаяси және экономикалық үдерістермен үйлескен аса маңызды құжат екенін, соның ішінде Жолдауда Білім саласы жеке блок ретінде көрсетілгенін, өйткені білім - ұлттық бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы екенін атап өтті. Студенттер де бұл Жолдаудың жастарға арналған бағыттарын талқылай отырып, өздерінің болашағына деген сенімдері артқанын тілге тиек етті. Әсіресе, Елбасының тапсырмасы бойынша жоғары оқу орнының екінші курсынан бастап кәсіпорындарда міндетті өндірістік практикадан өтуді заңмен бекіту қажеттігі туралы айтқаны жастарды қолдайтын Елбасы барда елін ойлайтын патриот жастар қатары сиремейтінін жеткізді. Сонымен қатар мемлекет басшысының стратегиялық бағдарламасының бағыттары мен тиімді жақтары талқылауға салынды. Кейін қатысушылар Жолдау туралы өз пікірлері мен көзқарастарын

айтып, өткізілген шара жөнінде жылы тілектерін жеткізді. Жалпы, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Елбасымыздың халқына жолдаған бұл бағдарламаның міндеттерін барлығымыз бұлжытпай орындап, еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан өркендеуіне үлес қосуымыз керек, сонда ғана біз жоғары қарқынмен алға жылжып, дамыған 30 елдің қатарынан табыламыз»-деп қорытындылады студенттер сөздерін. Куратор өз кезегінде бұл шараның кітапхана қабырғасында өткізілуі де тегін емес екенін, қазіргі жас буынның кітап оқудан алшақтап бара жатқанын, халқымыздың әдеби құндылықтарын да назардан тыс қалдырмай, онымен рухани сусындап отыруды естен шығармаған жөн деген кеңесін айтты.

Ал кітапхана қызметкерлері дайындаған кітап көрмесімен таныстырып, осы жылды ЮНЕСКО-ның қолдауымен 2012 жылдың қыркүйегінен 2013 жылдың қыркүйегіне дейінгі кезең «М.Өуезовты оқимыз» деген акция жүріп жатқандығын айтып, бұл шараға белсенді атсалысуға шақырды.

Көңілге қонымды ақпарат алған студенттер аталған шарадан ерекше әсер алып қайтты.

Жолдау магистранттар көзімен

Альфия
ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,
педагогика және
психология
мамандығының 1 курс
магистранты



Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы
тәуелсіздігі қарсаңында
Елбасы бізге міндет,
тапсырма ретінде
үлкен жоспарларды
айқындап берген бола-
тын. «Қазақстан-2050»

Стратегиясы - «Қазақстан-2030» Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. «Біз кіміз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» деген сөздерден кейін үлкен күшпен, сеніммен алға қадам жасау қажеттігі, әрбір азамат пен азаматшаны ойландырады. Елбасы Жолдауы да, әрдайым болашақтың тұтқасын ұстайтын қазіргі білікті де білімді жастар, олардың болашаққа жасаған қадамы елді толғандырады. Сондықтан сол үкілі үмітті жалау ете отырып, ғылымға бір қадам жақын - магистранттар дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелдің тұсаукесерін т.ғ.д., профессор, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ. Мұқтар ашып, Жолдау бойынша негізгілерін атап көрсетті. Сөз кезегін алған баядамашылар т.ғ.к., тарих және құқық факультетінің деканы С.М.Гиззатов, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауындағы білім, ғылым және жастар мәселелерін қозғаса, 1 курс магистранттары - С.Сақауова, Г.Жуматаева, Г.Бержанова, А.Шарипова жеті бағыт бойынша қозғалған мәселелер бойынша баяндамаларын оқыды. Маңызды құжатты талқылаған магистранттар ғылым, білім көкжиегін бағындыруға серт берді.

Отбасының, мемлекеттің тірегі - АНА

Елбасының салиқалы, сарабал саясатының тағы бір көрінісіспетті биыл да кезекті Жолдауын дүйім халыққа жолдады, Жолдау бізге үлкен мақсаттарды көрсетіп, болашаққа деген қадамдарымызды ойланп басуға жол көрсетті. Биылғы Жолдаудың мен үшін тағы бір ерекшелігі - жеті бағыттың ішіндегі үшінші бағыты - «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері - әлеуметтік кепілдіктер мен жауапкершілік» - ана, қыз бала тағдыры, бала тәрбиесі. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты,- деген ойлардың астында үлкен мағына жатқаны түсінікті. Қазіргі айтылып жатқан білім алу, елді көркейту, қазақстандық жаңа патриотизм, экономикалық өрлеу барлығына екі еселейміз, егер де біздің қазіргі ұрпағымызға көненің көзін, ұлттық ерекшелігімізді бойына сіңіртп, қазақи тәрбиенің иісін сіңіртсек. Шығыстың ғұламасы әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген мақал еріксіз еске түседі.

Биылғы Жолдаудағы қазіргі қоғамда маңызды тақырыптардың бірі болып отырған-қыз бала, бойжеткен тәрбиесі, халқымыз «Қыздың жолы жіңішке», «Қызды қырық үйден тыю», «Қыз-қонақ» деп қыз бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, ауыл, ел болып тәрбиелеп, құтты мекеніне ұшырған. Бірақ, өттең, қазіргі қыз баласының тәрбиесіне үлкен сурақпен қарайсың, себебі ұят деген ұлы сөзге назар аудармай жүрген қыздарымыз да бар. Ұлт болып сақталып қаламыз десек, қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек, себебі ұрпақты, яғни болашақтың адамын тәрбиелейтін қазіргі қыз - болашақ ана.

Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді,- дегендей әйел баласының қазіргі таңдағы ұстанымы, бала тәрбиелеп, темір тұлпарды жүгендеп, үйде де, түзде де үлгеріп жүргені қуантады, әрине, бірақ қосағынан, ерінен зорлық-зомбылық көріп, іші қанжылап жүрген әйелдер де аз емес, сондай қарым-қатынасты қоғамнан аластатуымыз қажет. Олар қоғамда тең құқылы болу керек.

САПАЛЫ БІЛІМ - БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Білім беру «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың білім саласын ерекше назарда ұстап, өзінің тікелей қамқорлығына алуы - оны мемлекеттік даму саясатының өзегі деп қарауы да - осының айғағы.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие үйретіп, білім беру - әр ұстаздың міндеті. Елімізде бәсекеге қабілетті білім - білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Қазіргі кезде білім беру саласында бірнеше кемшілікті тұстар көп. Қазақ тілінде оқулықтардың жетіспеуі, жаңа технологияларды тиімді пайдалана алмау немесе білікті мамандардың жетіспеушілігі салдарынан білім деңгейін өте жоғары, сапалы дәрежеге жеткізе алмай келеміз.

Мемлекеттік бағдарламадағы барлық балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету, 12 жылдық білім беру моделін енгізу, техникалық және кәсіптік білімнің экономика талаптарымен өзара байланысы, кәсіптік стандарттар әзірлеу, жоғары білімнің сапасын арттыру мәселелері көрініс табуы - өте қуанарлық жағдай.

Қазақстанның білім саласындағы жетістіктері талассыз екені анық. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша 2009, 2010 жылдары республикамыз білім дамуының ең жоғарғы индексі (ИРО) бойынша Жапония, Норвегия, Германиялармен қатар әлемнің үздік төрттігіне енген еді.

Тәуелсіз Қазақстанның білім саласындағы жарқын жетістіктерінің бірегейі - «Назарбаев Университеті» 2015 жылдан бастап жоғары кәсіби мамандар мен жас ғалымдарды оқытып шығарады. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барлық азаматтарға сапалы білімнің қолжетімділігін арттыруға жағдай жасау арқылы білім жүйесінің серпінді дамуына ықпалын тигізеді.

Мысалы, мен білім алып жатқан М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқу үрдісі, яғни дәрістер, семинарлар, студенттің өзіндік жұмыстары инновациялық технологиялардың озық нәтижелерін қолдана отырып, интерактивтік тақталарды пайдалану жүргізіледі. Оқытушылармен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмысында оқытушылар студенттерге дөңгелек үстел, презентация жасау, тренингтер өткізу, пікір-сайыс, ойын түрлерінде қызықты етіп өткізеді. Осындай әдістердің қолданылуы заман талабына сай білім алуға ықпалын тигізуі сөзсіз.

Осындай бүгінгі заман талабына лайық мемлекеттік бағдарлама халықаралық өлшемдер мен ел үміті үрдісінен шығып отыр. Тәуелсіздік тірегіне айналар жаңа буын күштерін тәрбиелеу мақсатындағы бағдарлама толық іске асса, еліміздің ертеңі нұрлы, болашағы даңғыл болады деп сенеміз. Өйткені, бәсекеге қабілетті білім бәрін жеңеді.

Асел КУБАЙДОЛЛИНА,
МЖЖБ мамандығының 1 курс студенті

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы» - деп түркі халықтар арасында ғана емес, барша әлемге қазақ деген халық барын ұғындырған, ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан ұлы ақын атамыздың құрметіне орай Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Ғ.Құрманғалиев атындағы филормонияда облыстық «Абай оқулары» өтті. Бұл шараның мақсаты - Абай шығармаларын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген өзге ұлт өкілдерінің ықыласын арттыру болатын.

Абай – дана, Абай - дара

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте»- деп Қадыр ақын айтқандай, өзге ұлттардың қазақ тілінде жырлап, бұлбұлдай сайрауы мемлекеттік тілге деген зор құрметі деп санаймын. Байқау ақынның қара сөздері немесе поэзия, ақынның сөзіне жазылған әнді орындау және М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді оқу секілді үш кезеңнен тұрды.

Кештің тізгінін ұстау Ақжайықтың жезтаңдай әншісі Еркін Өтегеновке бұйырып, шараны қоңыр даусымен мәнді де мәнерлі етіп жүргізді.

Байқаудың шымылдығын белгілі әнші Дастан Есентеміров қазақтың қара домбырасымен, Абайдың «Сегізаяқ» әнімен ашты.

Сайысқа «Ақберен» ақындар мектебінің жетекшісі, ақын, ұстаз Т.Таймасұлы мен филармония әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, термеші С.Ғабдынасырұлы әділ төрелік жасады.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда»-демекші құлын-тайдай тебіскен сәйгүліктер бірінен-бірі озып, аттың тізгінін өзгеге бермеуге тырысып, бар жиған-терген, оқыған-білгендерін

аянбай ортаға салды. Жарыс бар жерде жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Жеңіске қол жетпеген өнерпаздарға мойымай, өзге де жарыстарда жеңіспен оралуға сәттілік тілей отыра, осы ша-рада өзгелерден оза шапқан жүйріктер анықталып, мадақтау қағаздары мен сыйлықтар табыс етілді.

Белгілі жазушы Т.Әлімқұловтың қаламына арқау болған «Ақбоз аттай» дара шапқан халықтың көзіне, жақсылардың мақтау сөзіне іліккен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенті Сафина Анастасина бас жүлдені қоржынына салып, Республикалық бәйгеге жолдама алды. Жаңақала орта мектебінің оқушысы Альбертова Альбина I орынға, М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті Ахметжанова Фатима II орынға, М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті Файл Ботагөз III орынға ие болды.

«Ұстанның заты қалар, Ақынның хаты қалар»-демекші, Абай атамыздың құнды мұрасы мәңгі өлмей ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек.

Данагүл ЕРҒАЛИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті

Қазақтың Қадырына арналған кеш

«Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,
Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда.
Жоқ! Өлмеймін!

Правам жоқ өлуге,

Сөз сыйлайтын халқым аман тұрғанда!»-деп туған халқы барда ешқашан өлеңдерінің өлмейтініне сенген Ақжайымыздың арқалы ақыны Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығына арналған облыстық кеш өтті.



Әділқазы мүшелері - М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Серікқали Ғабдешұлы, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Фараби Ғалымжанұлы мен «Жайық үні» газетінің бас редакторы Мира Хамзақызы сайысқа әділ төрелік жасады.

Қадыр өлеңін мәнерлеп оқу, ақынға өз туындыларын арнау, эссе жазудан тұрған шарттар бойынша қатысушылар өз бақтарын сынады.

Шалқар шабытқа, сыңғыр сезімге толы болған жарыс өте сәтті өтті. Ақан серінің «Құлагеріндей» бас бәйгені бермей оза шапқандардың арасында дараланып, көзге түскен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері болды.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың режиссура мамандығының I курс студенті, ақын Т.Таймасұлының жетекшілігіндегі «Ақберен» ақындар мектебінің шәкірті, талай аламан жарыстарда оза шапқан жас талант иесі Дәурен Шамұратов I орынды қанжығасына байлады.

Мәнерлеп оқу сайысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ филологиясы факультетінің II курс студенті Игібаева Айну I орынға ие болса, өлең шығару бөлімі бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының I курс студенті Алтынбайқызы Мөлдір II орынға тұрақтады.

Көп арасынан суырылып шығып, жұлдыздай жарқ еткен жас ақын Мүтиғоллаев Әнуарбек Мүтиғоллаұлының қоржынына бас жүлдені салып берген өлеңі «Сынығы текті асылдың» деп аталады.

Жанымды билеп сұп-суық мұздың ызғары,
Сонда да бітпес жалын жүректің ізгі әні.
Жетім ботадай егіз жанары жәудіреп,
Егіліп Жайық жоқтайды, аға, сізді әлі.
Сағыныш құсы сезімнен серік табатын,
Оралды тағы, Оралға керіп қанатын.
Жанарға мұз кеп қамалған шақта шат көңіл,
Сіздегі ғазал жырларға жерік болатын.
Адалдық жолды арымыз қатаң бекемді,
Дегенмен дүние шындыққа ада екен-ді.
Өлместігінді, дербестігінді сезінем, аға,
Жиында жұртын әндетсе «Атамекенді», деп жырлайды өзгелерден дара шапқан балаң жігіт.

Байқауда оза шауып, жүлде тұғырынан көрінген жеңімпаздарымызды құттықтай отырып, қаламдарың мұқалмасын деген ізгі тілегімізді білдіреміз.

Өз тілшіміз

■ Біздің мақтанышымыз

Әлемді уысында ұстаған НҰРБОЛ

Ауыл арасында бақ сынап, құрыштай шыныққан ауылдың қара домалақ баласы жас палуан Нұрбол облыста да, республикада да, әлемде де намысты қолдан бере қойған жоқ.

2010 жылы Әлем чемпионатында (Литва, Рига қаласы), жастар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында (Болгария), 2012 жылы София қаласында және 2012 жылы Орал қаласында өткен Президент жүлдесі үшін Әлем кубогінің кезеңінде намысты қолдан берген жоқ. Тайталаста топ жарған самбодан Қазақстан Республикасының спорт шебері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2 курс студенті Нұрбол Нәсіпкерейұлы Серіков 68 келілік салмақ дәрежесінде жүлдегер атанды.

Серіков Нұрбол 1993 жылдың 16 қарашасында Казталов ауданы Әбіш ауылында дүниеге келген.



2000 жылы Ақпәтер ауылы Ақпәтер орта мектебінің 1 сыныбына оқуға барады. 8 сыныптан бастап жастайынан спортты серік еткен жасөспірім Орал қаласының спортқа дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп-интернатына қабылданып, сонда білім алды. Жас дарынның самбо күресіне ерекше икемі мен қабілетін байқаған бапкерлер, самбо спорт түрінің шағыл майын ішкен өз ісіне жан-тәнімен берілген майталман мамандар, шебер жаттықтырушы, талай спортшыларды тәрбиелеп шығарған Оңдағанов Мүсілім Оңдағанұлы, Жетпісов Қоныс Сатыбалдыұлы, Жұмағалиев Берік Түсіпқалиұлы, Жакенов Меңдіхан Меңдіханұлы Нұрболға қолдау танытты.

Осы мектептен ол үлкен өмірге жолдама алып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің студенті атанды.

Туа біткен талантын шыңдап, спортпен белсенді шынығуға мүмкіндік алады. Оқу-жаттығу кезінде самбомен қатар ДЗЮДО күресімен де айналысты.

Серіков Нұрбол жалпы спорттың ДЗЮДО күрес түрінен де жеңісті орынға қол жеткізу «ат шаба ма, бақ шаба ма?» деген есек дөме емес, нақты шынығу мен дәйекті дайындықтан өткен баптаудың арқасында орындалса керек-ті. Нұрбол Серіковтің қол жеткізген жетістіктері - өзгеге үлгі боларлық жайт.

2009 жыл, Теміртау қаласы, ҚР чемпионаты, ДЗЮДО күресі - I орын.

2010 жыл, Чехия, Халықаралық жарыс - I орын.

2011 жыл, Атырау қаласы, ҚР чемпионаты - II орын.

2011 жыл, Теміртау қаласы, ҚР чемпионаты - I орын

2011 жыл, Өзбекстан, Ташкент қаласы, Азия чемпионаты - I орын

2012 жыл, Қарағанды қаласы, ҚР чемпионаты (самбо) - I орын

Германия, Бремень қаласы, Халықаралық турнир - II орын.

2012 жыл, Қарағанды қаласы, ҚР чемпионаты, - I орын.

2012 жыл, Ташкент қаласы, Азия чемпионаты - III орын.

Кеше ғана Орал қаласында өткен самбо күресінен (іріктеу) 1993-1994 жылғы жастар мен қыздар арасындағы БҚО чемпионаты болып өтті. Барлық 120-ға тарта сынға түскен саңлақтар арасында БҚМУ-дың намысын қорғаған Нұрбол Серіковтің де бағы жанып, жұлдызы жарқырады. Керермендердің көзайымына айналған Нұрбол бұл жолы жойқын күресті.

Сөз жоқ, Нұрболдың осы бір әсерлі жетістіктерінен кейін, оның спорттық болашағының 2013 жылғы жаңа парақтары басталды.

Палуан жігітіміз Қазақстан Республикасы чемпионатында тағы бір боз кілемнің шаңын шығармақ ойы бар.

Нұрбол өте еңбекқор, үнемі ізденіс үстінде жүреді.

Қазір ол Қазақстан Республикасының чемпионатына дайындық үстінде.

Асқар ӘБУБӘКІРОВ,

Спорт ардагері, «Спорт жұлдыздары» журналының Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, ҚР журналистер одағының мүшесі

■ 27 наурыз театр күні

Театр - әрбір елдің өзіне тән ұлттық өмір-болмысын сахна тілімен бейнелеп көрсететін рухани қазынасы әрі ел мәдениетінің мәртебесі.

Бүгінгі егемен елдің жастарын ойы еркін, рухани парасаттылығы толысып жетілген, адамгершілік, ізгілік қасиеттері мол азамат етіп тәрбиелеуде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы студенттік «Мұрагер» студенттік театрының рөлі өте зор. А.М.Горький: «Адамды мәдениетті етіп тәрбиелеудегі екі күштің: өнер мен ғылымның аса көп жәрдемі тиді», - деген еді. Театр бүгінгі күннің жастарын дүниеқорлық пен қатігездікке, дөрекілікке, көрсеқырарлыққа ұмтылмауға шақырады.

Көрермендерін қуантқан «Мұрагер»

«Мұрагер» студенттік театрының маусымы әсерлі, қызықты, мазмұнды спектакльдермен басталған болатын. Атап айтсақ, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқыған студенттердің күшімен Т.Әбдіқовтің «Оң қол» спектаклі көрермендер көңілінен шықса, соңынан іле-шала С.Қасымбектің «Жатақхана» мен Ж.Мырзагереевтің «Егеулі найза қолға алмай...» спектакльдері тарту етілді.

Енді міне, университет сахнасында Баққожа Мұқайдың «Заманақыр» спектаклі оқытушы-режиссер, «Мұрагер» театрының жетекшісі И.И.Искакованың режиссурасымен сахналанды. Баққожа Мұқайдың драмалық шығармалары - уақытпен үндес, заманның ащы шындығын батыл көтеретін мінезімен бағалы. «Заманақыр» трагедиясында Семей полигонындағы зілзалаңың құрбаны болған кейіпкерлері - осы апаттың еріксіз тұтқындары еді.

Спектакльде тарихи мәліметтердің бәрін тәптіштеп көрсету міндет емес екені белгілі. Индира Идияқызының режиссерлық шешімінің ұтымды жері - кейіпкерлер бейнесін бүгінгі күн тынысымен шешкендігі және тарихи, күрделі шығарманы студент-актерлер ыңғайына университет сахнасына үйлестіріп қоя білуі.

Режиссердің ой-тұжырымы, мұрат-мақсаты, ең алдымен, актер ойыны арқылы ашылуы шарт. «Режиссура» мамандығының

I-II-III-IV-V курс студенттері белсене атсалысты. Басты рөл Салиха ананы сомдаған - «Режиссура» мамандығының 5 курс студенті Х.Аратқызы. Оның қызы Мәлике рөлінде - «Режиссура» мамандығының 5 курс студенті А.Жантақбаева, ұлдары Дастан мен Әлидің рөлдерін сомдағандар - «Режиссура» мамандығының 5 курс студенті М.Жұмағалиев пен 1 курс студенті Д.Шамуратов, ауыл тұрғыны Оспан шалды ойнаған - 2 курс студенті Ж.Мырзагереев. Сахнада актерлік ансамбль тұтастығы болды, кейіпкерлер өз рөлдерін шынайы актерлік ойынмен ашуға тырысты. Семейдегі ядролық сынақтың зардабын тартқан бір ғана отбасының қиын көріністерін үлкен шеберлікпен сомдаған актерлердің көрермендерді бей-жәй қалдырмағанын олардың көздеріне үйірілген жастарынан аңғаруға болатын еді. Студенттер автордың ойын терең түсініп, кейіпкерлер характерлерін барынша жинақы ашуға ұмтылып, актерлық шеберлігі қалыптасып келе жатқан шебер жас талант иелері екенін көрсетті.

«Мұрагер» театрына үлкен алғысымызды білдіре отырып, алдағы уақытта мол шығармашылық табыстарға жетіп, биіктерден көрініп, әлі де өз көрермендерін қуанта берсін демекпіз.

Қ.Д. АЙТҚАЛИЕВА
өнертану кандидаты, доцент



Ұлыс күніндегі ұлы іс

Міне, көктем де келді. Қалың қыстың қаһарынан босап, бойларын көкке еркін созып, бүршік атқан ағаштар жайқалады. Мәңгіге айырылысқан қос ғашықтың тағдырындай жүздерін ешқашан көрмейтін күн мен ай теңелетін нұрлы күн - наурыз мерекесі туатын айрықша күн.

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенттерінен құралған еріктілер тобы өздерінің дағдысына айналған дәстүрі бойынша көктемнің нұрлы да шуақты күндерінің бірінде «Облыстық қарттар үйі мен мүмкіндігі шектеулі жандар» үйіне жол тартып, «Қош келдің, Өз-Наурыз!» атты мерекелік шара ұйымдастырды.

Өмір кемесінің келеңсіз аялдамасында тоқтап қалған қарт көңіл жұмылған жұдырықтай бірлескен еріктілер тобының бұл ұйымдастырған мерекелік шашуын жүректеріне жағын қабылдады. Мерекелік шараны өзіндік шеберлікпен жүргізген еріктілер тобының жетекшісі Жақсығалиева Альфия Сырымқожақызы мен Орынбасаров Әділет көрермендерге қуаныш сыйлады.

Қам көңіл жандардың жүздеріне аз да болса күлкі орнап, бір сәтте көңіл түкпірінде жатқан туған балаларына деген сағыныштың сәулесі жарқ етіп, жанарларынан мөлдір тамшы болып үзілді. Көрермендер арасынан да өзіндік өнерін паш еткен «Өз елім» әнін шырқаған әжейдің дауысы көңілге қуаныш ұялатты. Жан-дүниесінде орын алған өмірге деген өкпе назын білдірген әже: «он құрсақ көтергенім не керек, өмірім мына тар қапаста өтіп жатса» деп мұңын шақты.



Мерекелік шара соңында еріктілер тобының мүшелерімен қарт әжейлеріміз естелік суретке түсіп, мамыражай күйде тарасты. Еліміздің ертеңі еңселі, аспаны ашық болғай, қазыналы қарияларымыз балаларының қасында болғай,- деген тілекте қалдық.

Ажар ЖӘДИЕВА,
педагогика және психология мамандығының 2-курс студенті

«Ақжайық арулары» - сырлы қыздардың мекені!

2013 жылдан бастап «Мәдениет және өнер» факультетінің оқытушысы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызының бастауымен білім ордамыздың аруларының басын қосқан «Ақжайық арулары» клубы құрылды.

Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы. Клубтың басты мақсаты - қыздарымызға адамгершілік, имандылық,

ибалылық және эстетикалық тәрбие бере отырып, болашақ өмірлеріне дұрыс бағыт беру. Оларды нәзіктікке баули отырып, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлікті қалыптастыру, сондай-ақ қыздарды сұлулық, махаббат, қарым-қатынас мәдениет сияқты ұғымдармен таныстыру. Тек қана рухани тұрғыдан емес, қыздарымызды, шаш өруге, ұлттық киім үлгісін, тігін тігуге үйрету үшін түрлі сала мамандарымен кездестіру.

Қыздар тәрбиесі қоғамда рухани құндылықтарды, ұлы мұраттарды, иманды және инабатты бәсекемен қалыптастырады. Жан-жақты, сенімді қарым-қатынас орнату, ұлттық тәрбиені насихаттап, қыздарымыздың қылықты боп өсуіне үлес қосу.

«Ақжайық» арулар клубының ашылу салтанатына факультет арулары мен ұстаздары белсене қатысып, мерекеле Қасымова Зинат киелі қара домбырамен ән шырқаса, Ғабдраш Маншүк жүрегінен шыққан өлең жолдарын аруларымызға арнаған болатын. Кеш «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» тақырыбында түсірілген бейнероликтермен жалғасын тауып, тақырыпқа сай түрлі пікірлер мен тілектер айтылды. Соған қоса, МТЖ мамандығының 1курс студенттері де ой таластырып, пікір айтудан қалыс қалмады. Айта кететін болсақ, Таласова Салтанат «Қазақтың қыздары қазіргі таңда расында ашық-шашық киінеді, үлкенді сыйламайды» деп тәрбиеге сын айтса, Раушанова Гүлназ «Қыз - болашақ ана екенін» ал, Қайырбекова Перизат «Қыз - елдің көркі» деген мақалға сүйене отырып,



Ойын арзан, күлкі қымбат...

Осындай тақырыппен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақша «Жайдарман» КТК сайысы өтті.

Сайыс «Таныстыру» және «Бес жаңалық»-деген кезеңдерден тұрды. Кеш тамаша өтіп, көрермендерді күлкіге қарық қылды.

Әзіл байқауына КТК ойындарында жақсы әзілдерімен танылып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген ойыншылар - Данияр, Анарбек, Тимур және мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Шаримов Алпамыс пен студенттер арасындағы кәсіподақ төрайымы Перғалиева Айжангүл төрелік етті.

Ойында университет факультеттерінен «Талант» командасы, «Let's go» командасы, «Мәдениет ұландары», «Жетінші ғимарат» командасы «Экономика» командасы, «Қажмұқан суретін көргендер», «Болашақ» және «Қазақ қыздары» құрама командалары сәтті өнер көрсетті.

Қойылымдар шынайы өмірден алынған. Студенттер нағыз әртістердей шеберлік танытты.

Байқау нәтижесінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар анықталды. Сыннан сүрінбей мәреге жеткен тек қана сұлулардан құралған «Қазақ қыздары» құрамасы жеңімпаз деп танылды.

«Жетінші ғимарат» пен «Мәдениет ұландары», «Экономика», «Let's go» құрама командалары жақсы ойын көрсетті деп аталып кетті. «Талант» құрамасының ойыншылары «Үздік стиль» деген марапат пен жанкүйерлерінің үлкен қошеметіне бөленді.

Күлкі күніне орай сыйлық ретінде әділ қазы мүшелері де тамаша әзілдерін тарту етті.

Данагүл ЕРҒАЛИЕВА,
1 курс студенті

қазақ қызының кереметтілігін, ұлтжандылығын жеткізе білді. Сонымен қатар, кешке қатысқан университет оқытушылары мен психолог маман ой-пікірді жандандыра түсті. Психолог маман Альфия Сырымқожақызының пікірінен ұлттық тәрбие мен қазіргі қыздардың қоғамдағы рөлін баса айтып, оқытушы Ақмарал Серікқалиқызы: қыз бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тек қыздан көрмей, ата-анада дұрыс тәрбие беріп, сенімді қарым-қатынас орнатып, яғни қысым көрсетпей психологиясындағы мәселелердің оң шешімін табуға, өмірдегі өз орнын айқындауға зор үлесін тигізу, деген ойымен қорытындылады.

Клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен өткен «Жүректегі бір сыр» атты сырласу кешін атап айтуға болады. Кешіміздің арнайы қонағы, басынан кешкен оқиғасын баян етіп, ақыл-кеңеске зәру болған «Жұмбақ қыз» бейнесіндегі кейіпкерге түрлі кеңестер мен жүрек жарды тілектер айтылды.

Алдағы уақытта да «Ақжайық арулары» клубында түрлі шаралар өткізіліп, жалғасын табатын болады.

Баянсұлу ТЕМІРҒАЛИЕВА,
мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4-курс студенті

3 апреля исполнилось девяносто лет ветерану Великой Отечественной войны, кандидату исторических наук, бессменному заведующему Военно-исторического музея ЗКГУ им. Махамбета Утемисова, Почетному Гражданину города Уральска Павлу Романовичу Букаткину.

Всегда в строю

Пожилый человек, в осанке которого мгновенно угадывается военная выправка, встречает посетителей военно-исторического музея ЗКГУ им. Махамбета Утемисова. Ознакомление с мини-панорамой Сталинградской битвы, которая с исторической точностью воссоздает один из боев обороны города-героя. Затем следует подробный рассказ о роли Западно-Казахстанской области в боях за Сталинград, о том, как подвергались бомбардировкам станции Джаныбек, Сайхин и Шунгай.

Долгое время территория нашей области считалась глубоким тылом Сталинградского фронта. Однако в 60-е годы будучи в командировке преподаватель кафедры истории Уральского педагогического института Павел Романович Букаткин в поселке Джаныбек услышал истории местных жителей о том, как во время бомбардировок фашистской авиации погибли жители поселка. Впоследствии именно эти истории дадут толчок для длительной исследовательской работы и написания кандидатской диссертации, которая будет им с блеском защищена в 1967 году. Работа станет основанием для официального признания статуса Западного Казахстана как ближнего тыла Сталинградского фронта. Немалую роль в судьбе будущего исследователя истории Великой Отечественной войны сыграла знаменательная встреча с Е.Бекмахановым, доктором исторических наук, заведующим кафедрой истории Казахстана КазГУ, по настоянию которого Букаткин после сдачи кандидатского минимума был зачислен аспирантом на кафедру.

В своей книге «Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945)» Павел Романович пишет: «Общее представление о масштабах бомбежек фашистской авиации дают следующие

в военно-морское пограничное училище охранять морские рубежи Родины... Но поступление в Военно-морское пограничное училище в Ленинграде было сорвано начавшейся войной.

21 июня 1941 года звучали звуки вальса в школе №5 – выпускники прощались с детством. Затем веселой гульбой по традиции пошли к реке Урал – встречать рассвет взрослой жизни. А назавтра узнали – началась война. Военкоматом он был направлен в военно-авиационную школу пилотов №24 в городе Фрунзе. Но война вновь внесла свои коррективы. Фронту срочно были нужны самолеты, учебные самолеты в срочном порядке были переоборудованы в боевые и отправлены на фронт. Курсанты распределены по другим военным училищам. И в 1943 году выпускник эвакуированного в Самарканд Воронежского военного училища связи, в звании лейтенанта впервые участвует в боях – сначала командиром взвода, затем и роты 96-го стрелкового полка на Курской дуге Центрального фронта, на Белорусском, 1-ом и 4-ом Украинских фронтах. Победу капитан Павел Букаткин встретит под Прагой.

За героизм, проявленный в боях, офицер Букаткин был награжден тремя орденами Отечественной войны, орденом Красной Звезды, двумя медалями «За отвагу», «За Победу над Германией», «За освобождение Праги», чехословацкими медалями «За храбрость», «За взятие Дукли». «Причем медаль «За храбрость» вручал лично президент Чехословацкой республики – генерал Свобода. Врезались в память ослепительно-белые перчатки президента», – вспоминает ветеран о дне вручения любимой награды.

О своем участии в войне он говорит мало. Все больше краткие



Вся трудовая жизнь Павла Романовича Букаткина связана с родным вузом. Преподавательскую работу совмещал с работой секретаря вузкома комсомола, а позднее партбюро истфака и парткома института, избирался членом бюро горкома и обкома комсомола.

С 1951 по 1955 годы работал лектором и заведующим отделом Уральского горкома партии, в течение 8 лет избирался членом горкома партии и депутатом Уральского горсовета, председателем городской идеологической комиссии и городской организации общества «Знание».

В 1964-1991 г.г., с перерывом на учебу в аспирантуре и досрочную защиту диссертации в 1967 г., был доцентом, заведующим кафедрой истории, и в 1992-1993 г.г. деканом исторического факультета, совмещая с работой зав. музеем с 1982 г., а с 2005 г. впервые созданным военно-историческим музеем ЗКГУ. Будучи членом редколлегии Областной «Книги памяти» подготовил и опубликовал в 1995 г. в I томе очерк: «Во имя Победы», редактор двух томов по г. Уральску с привлечением архивных материалов (общий объем 70 п.л.).

В 1999 г. удостоен звания «Почетный профессор ЗКГУ». Активно приобщая студентов университета к изучению истории Казахстана, провел несколько студенческих и ученических научно-практических конференций, по военно-патриотической тематике.

После выступления на Всесоюзной научной конференции в Москве по проблеме: «Советский тыл в Великой Отечественной войне», организованной Институтом истории СССР АН СССР совместно с институтом военной истории МО СССР и Всесоюзным обществом «Знание» в мае 1971 г. и опубликованного в коллективной монографии в Москве очерка: «Западный Казахстан – ближний тыл Сталинградского фронта», впервые в истории документально подтвердив все трудности военного времени в жизни области и города, возведенные в квадрат, в условиях «фронтной зоны» в период Сталинградской битвы. Был приглашен в Волгоградский университет, прочитав для студентов истфака спецкурс о Западной Казахстане в годы Великой Отечественной войны. Принял участие в научно-практической конференции, посвященной 400-летию города-героя Волгограда, выступив с докладом: «Помощь трудящихся Приуралья Сталинграду в период битвы на Волге».

С 2003 г. П.Р.Букаткин профессор ЗКГУ им.М.Утемисова, кандидат исторических наук, ведет преподавательскую и научную работу. Известен как крупный специалист, плодотворно исследующий историю Великой Отечественной войны и, в особенности, Западного региона РК. Опубликовал 6 монографий, более 100 научных и методических очерков и статей в Москве, Алматы, Самаре, Актюбинске и Уральске. И как отметил Институт истории Академии наук РК: «По своей значимости они в совокупности соизмеримы с докторской диссертацией и П.Р.Букаткин заслуживает присвоения ему ученого звания «профессор» без защиты докторской диссертации».

Награжден орденом «Курмет», Почетными Грамотами Верховного Совета КССР, Министерства образования и науки РК, знаками «Отличник просвещения КССР», «Высшей школы СССР» и «За заслуги в развитии науки РК», «За достигнутые успехи в научно-педагогической деятельности – БҚМУ-75 ж.», «За успехи в научно-педагогической деятельности и значимый вклад в развитии вуза – медалью «Адал еңбегі үшін».

Зам. председателя Совета ветеранов 152-ой отдельной стрелковой бригады - 118-ой Мелитопольской Краснознаменной ордена Кутузова стрелковой дивизии, полковник в отставке ведет большую военно-патриотическую работу в городе и районах области, заслужив высокую оценку в ближнем и дальнем зарубежье, вплоть до Германии и США после их посещения военно-исторического музея ЗКГУ.

Для достижения цели необходимо немалое усилие. Но мне крупно везло на людей. Будто рука судьбы вела меня по жизни. Но чем бы я ни занимался, меня поддерживала невидимая военная косточка. Военная дисциплина, воспитанная еще в школьные годы, помогает и по сей день оставаться в строю.

Ко всем регалиям - боевым и мирным - прибавилось еще одно звание - Почетный гражданин города Уральска. Ректорат, преподаватели и студенты от всей души поздравляют с наградой.

Павлу Романовичу – 90! И он в первых рядах – на научных конференциях и демонстрациях, на ученом совете университета и встречах с молодежью. Воин, педагог, историк.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА



цифры. За один месяц с 12 октября по 12 ноября 1942 г. В районе ст. Джаныбек, Сайхин, Шунгай был зарегистрирован 761 самолето-пролет (в том числе 41 ночной), в среднем по 25 самолето-пролетов ежедневно.

За октябрь и ноябрь 1942 г. немецко-фашистская авиация совершила только на Сайхин и Шунгай 22 групповых и 12 одиночных налетов, в которых участвовало 138 вражеских самолетов, сбросивших 538 авиабомб. В групповых налетах принимало участие до 30 самолетов одновременно. Одна из этих бомб в 1986 г. была обнаружена у станции Шунгай в насыпи железнодорожного полотна во время его ремонта. Через 44 года в степи прозрел мирный взрыв. Всего же на железную дорогу от ст. Гмелинская до Астрахани фашистская авиация совершила 398 налетов, сбросив 8650 бомб».

Хранитель музея боевой славы преподавателей и студентов вуза с нескрываемым волнением рассказывает о тех, кто, оставив кафедры и аудитории до мирных времен, ушел на фронт.

Списков же специально никто не составлял, – рассказывает историк Букаткин о работе по сбору материалов для стенда о студентах и преподавателях тогда еще Уральского педагогического института. – Кто ж думал о памяти, шла война. Уходили не погибать – защищать родную страну и вернуться победителями.

Чередой проходят перед посетителями музея фотографии героев.

– Узнаете ли вы этого молодого человека? – спрашивает с улыбкой Павел Романович. Посетители замирают на миг в недоумении. На пожелевшей от времени фотографии молодой офицер времен Великой Отечественной войны. Ну конечно, годы берут свое, и девять десятков лет – срок немалый. И все же глаза кажутся очень знакомыми, глаза человека, уверенного в своей правоте, человека чести. Скинув десятки лет, вновь переживает вместе с посетителями музея сороковые-роковые.

Как рождаются герои? Мечталось: окончу школу, пойду учиться

моменты. Вспоминает о пятисоткилометровом пешем маршброске по проселочным дорогам из города Елец в Курск в 1943 году. Поскольку основные силы двигались по шоссе, то им негде было получить продовольствие. В одном из двух сопровождающих обозов был сахар – тем и живы были. И на всем пути ни в одном населенном пункте ни одной живой души – население было эвакуировано. На утро после прибытия в Курск – авианалет, более 500 вражеских самолетов.

– Это была моя первая «встреча» с врагом. Выбежав из дома, в котором остановились на ночлег, направились в комендатуру. Но не успели – бомбили. Увидели колодец. Я прыгнул в колодец третьим. Из пятых товарищей не спасся последний. Бой – не бой, но именно так для меня началась война.

Не доедая и не досыпая, вел своих солдат к победе связист командир Букаткин.

Наурыз төлі төл басы ретінде бағаланған. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді; **Наурыз көк** - наурыз айында ұшып келетін көктем құсы, бақыт құсы қатарына қосады; **Наурыз күні туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған;** **Наурыз шешек** - наурыз айында өсетін жапырақты түрлі-түрлі гүлді, қауашақты әсем өсімдік (шөп). Майының дәрілік қасиеті бар. Өсемдік үшін үйде де өсіреді. «Қызыл кітапқа» енген сирек кездесетін бағалы өсімдік;

Наурызша - наурыз айының ашық күндері түсетін қолдан жасағандай ерекше ою-өрнекті әрі жұп-жұқа қиыршық қар. «Наурызша» - алдағы жылылықтың белгісі; **«Саумалық»** - өлеңмен өрілген жақсы тілек. Адамдар саумалық айтып, бір ескі ыдысты сындырып, «жамандық кетсін» деп ырым жасаған; **Мұхаррам** - араб тілінде «тыйым салынған» деген сөз. Ертеде шығыс елдері наурыздағы «мұхаррам» атаған. **Мәнісі:** осы қасиетті айда табиғатты ластауға, төртпісідікке, ұрлыққа, ғайбат сөзге, ішімдікке тағы басқа жағымсыз істерге тыйым салынған. Наурыз - пәктік, адалдық күні: Қателік кешіріледі. Көңіл кірі өшіріледі. Жолсыздыққа тыйым болады. Ақ тілек-сыйың болады. Әр үйде береке болады, Ойын-сауық, мереке болады; **«Самарқанның көк атасы»** - наурыз күніне байланысты айтылатын терең мәнді сөз. Аңыз бойынша әйгілі астроном **Ұлықбек (1394-1449)** обсерваториясындағы көк тасқа дәл 22 наурыз күні түскен күн сәулесінің жылуы тасты жібітеді-мыс.

Осыған орай біз де Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы мен студенттер қауымына Наурыз құтты болсын, еліміз аман болсын деп тілек білдіреміз! Сөз соңында, жыл басы – Наурыздағы аталымдарды да қоса беруді жөн көрдік. Шынында да халық дәстүрлері қашан да өмір тәжірибесінен туындап, қалтқысыз қалыптасады. Соның нәтижесінде қолданысымызға жаңа атаулар еніп, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтеді. Сол себепті төмендегідей халық даналықтарының студент жастар есінде жүргені абзал деп білеміз. Олар: жыл басында нұр жауған түн - **Қызыр түн**; жыл басының алғашқы суы - **Қарғын**; алғашқы қары - **Ақша қар**; алғашқы күні - **Ұлыс күні**; алғашқы желі - жыл айналып жеткен **Алтын күрек**; алғашқы төлі - **Дүбіраяқ**; бірінші сүті - **Уыз**; бірінші құсы - **Науірізек**; бірінші көгі - **Бәйшешек**; алғашқы асы - **Наурыз-көже**; алғашқы тілегі - **«Ауызды ақтан айырмасын, қызылды уақтылы көрсетсін»**; алғашқы құттықтау сөзі - **«Жасың құтты болсын!»**; бірінші белгісі - **Көрісу**; бірінші сый-тағамы - **Ұйқыашар**; алғашқы сыйлықтар - **Діреткізер**, **Селтеткізер**; бірінші нышаны - **Саумалық айту**; бірінші сәлемі - **Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын, Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін!**

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,

ХКББДО директоры, п.ғ.д., профессор

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ:

кеңесе келген шешімнің кемісі болмас



Латын графикасына көшу – бізге алдымен орыс тілінің ықпалынан құтылу үшін қажет. Өздеріңізге белгілі, өткен ғасырда біз әліпбиді үш рет ауыстыруға мәжбүр болдық. Қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын сақтап, дамыту үшін латын әрпіне көшу маңызды. Ұтатын жағымыз көп. Ақпараттық техникаларды пайдалануда, халықаралық кеңістікке шығуда латын тілінің бізге тигізер оң әсері мол. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан

да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай даму үшін де өте маңызды. Бұл шараның қазақ тілінің дамуына, қолданысының кеңеюіне қосар үлесі де қомақты. Сондай-ақ бүгінгі өзіміз әбден үйренісіп, қолданып келе жатқан кирилл жазуы да аса жетілген, кемел емес екенін біліп қоялық. Латын әліпбиіне көшу - заман талабы.

АНЕЛЬ ТАСҚАЛИЕВА,

02205-топ («Филология: «қазақ тілі» мамандығы)



екені баршамызға мәлім.

ЖАДЫРА НАРИМАНОВА,

02205-топ («Филология: «қазақ тілі» мамандығы)

Кириллицада қала берсек онда қазақ жазба мәдениеті құрдымға кетеді. Кириллицада орыс тілі үстем әрі басым, яғни қанша тырысқанмен де орыс тілі қазақ тілін басып отырады. Егер еліміз дамысын десек, латын графикасына көшу керек. Латын графикасы соншалықты күрделі емес деп ойлаймын, тек жазу үрдісі ғана өзгереді, ал ұғым мен түсінік сол қалпында сақталады емес пе.

ҚАМБАР РАХМЕТОВ,

1030- топ («Бейнелеу өнері және дизайн» мамандығы)



Болашақтың кілті – ғылымда. Өлемдегі күллі білім мен ғылымның тілін түсіну үшін еліміз жаңа қаріпке көшпекші. Замана көшіне ілесуші бізге бұл қиынға соқпайды. Жастар бұндай өзгерістің Қазақстанға көптеген жағымды жаңалықтар әкелетіндігінен үміттенеді.

АЙБАР МУРЗАБЕКОВ,

01301-топ («Химия» мамандығы)

Латын әліпбиіне көшу біздің ел үшін қиынға соқпайды.



Кириллицада жүре берсек, орыс тілінің көлеңкесінен шыға алмай қалады. Егер кириллицадан латын әліпбиіне көшер болсақ, 13 жыл да аз уақыт емес, бәрін жасауға болады. Біз оңымызды, солымызды біліп болдық, енді көзді ашатын уақытқа да жеттік. Шет елдегі қандастарымыз латын әліпбиінде жазып, оқиды. Сондықтан, қазақ тілінің статусын биікке көтерер болсақ, латын әліпбиіне қазірден бастап көшкен абзал. Ол үшін интернет, газет-журналдарды латын әліпбиінде басып-шығарып, теледидардан көрсетіліп жатқан бүкіл (жаңалық, телебағдарлама, жарнама, кино, мультфильм, т.б.) көрсетілімдердің латын әліпбиіндегі нұсқасын теледидардың төменгі жағынан жүгіртпе титр жолдарымен беру қажет.

АРАЙЫМ САПАРОВА

08202-топ («Құқықтану» мамандығы)

Латын қарпін қолдана отырып, қасиетті қазақ тіліміздің көкжиегін кеңейтіп, танымын түлетіп, тағылымын тереңде дамытамыз. Бүгінде Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты көршілес мемлекеттер латын қарпіне әлдеқашан сәтім көшіп алды.

Латын жазуы – жер жүзіндегі барша қазақтың басын қосатын, оларды бір-біріне жақындастырып, ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтап, біртұтас ұлт ретінде өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретін ең негізгі жазу. Мақсат – айқын, меже – белгілі. Басымызға біткен бағымыз Елбасымыз айтқандай: «Орынды мақсат ғана табысқа жеткізеді».

ГҮЛФӘНИ ЕРСАЙЫНОВА,

02205 топ («Филология: қазақ тілі» мамандығы)



Студент! Келіңіз, тіл үйренейік!

3-сабақ (3-урок): «Цифровая радуга»

Түстер-цвета - colours

Ақ – белый - **white**
 Қара – черный - **black**
 Сұр – серый - **grey**
 Қызыл – красный - **red**
 Қылғылт – розовый - **pink**
 Қызғылт-сары – оранжевый - **orange**
 Сары – желтый - **yellow**
 Жасыл – зеленый - **green**
 Көгілдір – голубой - **blue**
 Көк – синий - **dark blue**
 Күлгін – фиолетовый - **violet**
 Қоңыр – коричневый - **brown**

Сандар-Цифры-Numbers

Бір – один – **one**
 Екі – два – **two**
 Үш – три – **three**
 Төрт – четыре – **four**
 Бес – пять – **five**
 Алты – шесть – **six**
 Жеті – семь – **seven**
 Сегіз – восемь – **eight**
 Тоғыз – девять – **nine**
 Он – десять – **ten**

А. ИМАҒАМБЕТОВА,
орталық әдіскері



На филологическом факультете прошел вечер, посвященный великому русскому, советскому поэту Сергею Есенину.

Жизнь и творчество поэта были представлены зрителям стихотворениями Есенина, показаны видеоматериалы о его жизни, фотографии. Вечер взволновал зрителей так, словно они вместе с Есениным пережили его страдания, потери и любовь.

На вечере были приглашены ученики 21-ой городской школы. Они были очарованы и еще долго беседовали с первокурсниками не только о творчестве поэта, но и о том, как учатся наши студенты, как поступить в университет имени Махамбета Утемисова. Студенты первого курса за чашкой чая с удовольствием отвечали на вопросы абитуриентов. Именно благодаря подобным вечерам налаживаются взаимоотношения между студентами и школьниками.

Особое впечатление на зрителей произвело чтение поэмы «Черный человек», исполненное Ләззат Шыңғалиевой. Бурными аплодисментами была награждена Анна Криуля за стихотворение «Письмо к женщине». Но и другие студенты смогли порадовать зрителей творчеством Есенина. Особая благодарность была выражена студентке 1 курса Анне Криуля за подготовку материала к вечеру.

Поэт Сергей Есенин - человек с очень интересной судьбой. Его жизнь полна интриг, страстей, боли и разочарования. И все это смогли передать студенты филологического факультета под руководством старшего преподавателя Р.Э.Винник.

Альбина Давлетова, гр. 03107

Долгожданный вечер Сергея Есенина



МАХАМБЕТ ӨТЕМИСҰЛЫНА - 210 жыл

МАХАМБЕТКЕ АРНАУ

Ақжайықтың Нарын құмында дүниеге келіп, елім, жерім деп еміренген қолбасшы батыр, қаһарман ақын Махамбет Өтемісұлының 210 жылдығы кең көлемде тойлануда. Осыған орай, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультеті студенттерінің арасында «Менің атым-Махамбет» деп аталатын поэзия кеші оздырылды.



Махамбет өлеңін мәнерлеп жатқа айту, белгілі ақындардың Махамбетке арнауын оқу бөлімдерінен тұрған байқауға қызығушылықпен қатысқан студенттер ұлттық киімдермен шығып, өлеңдерді нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды.

Байқау нәтижесінде өзіндік ерекшелігімен көзге түскен қатысушылар - Лесов Наурызбек Әспенұлы жүлделі 1-орынды иеленді. Шаттық Орынбаева, Агиса Рақымғалиева 2-орынды қанжығасына байласа, Алтынбек Шайхиев, Жанайдар Болатбекұлы, Мейірбек Жампозов 3-орынды місе тұтты.

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» - демекші, оза сауып бәйге алған Лесов Наурызбек Әспенұлы Махамбет бабамыздың топырағында дүниеге келіпті.

Жас ізбасар батырларға өмірде сүрінбей, жамандыққа ілінбей, оза шаба беріңіздер дейміз.

Өз тілшіміз

15 сәуір - Қозы Көрпеш-Баян сұлу күні

«Қозы көрпеш пен Баян сұлу» «Әулие Валентинге» төтеп бере ала ма?

Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы Адам аса ғашықтықтың жоқтығынан азады Ғашық жыры - тіршіліктің көкейкесті өлеңі. Ешбір геометриямен Өлшенбейтін көлемі Бұл сезімнің ұшан-теңіз адамзатқа берері Ғашық болу келсе кімнің қолынан, Өлем соған сенеді Құлай сүю - ерлікпен тең себебі! - деп Мұхтар Шаханов айтқандай, ғашықтық пен махаббат - екі адамның арасындағы ең әдемі, ең тәтті ұлы сезім. Қазақтың дархан даласы қандай кең болса, оның махаббаты да сондай шексіз. Ләйлім-Мәжнүн, Еңлік-Кебек, Қозы мен Баян, Төлеген мен Жібектің махаббаты - осының бір дәлелі.

Әрбір ұлттың өзіндік болмыс-бітімі, иман-сенімі, жылдар бойы қалыптасқан берік дәстүрі, ұлттық ерекшелігі болады. Ал жастар арасында кеңінен тойланып жүрген мереке кейіпкері - Валентинді төбемізге көтере мадақтайтындай оның бойынан қандай мақтаныш, қандай ұлттық ерекшелік таба қойдық. Ол асық ойнап, көкпар тартқан, ел басына қауіп төнгенде қару асынған қазақ па екен немесе Алланың ақиқатын айтып, пайғамбар жолын нұсқаған ғұлама мұсылман ба екен, қаймана қазақтың мұңын жоқтаған би-шешен, сал сері, ақын ба екен? Кім ол? Өлде қазақта махаббат дастанына айналған, пәк сезімнің нышаны жоқ па? Мүмкін «әулие әкей» өмірде болмаған да адам шығар, болса да керемет ерлігімен ел есінде қаларлықтай, жүздеген жылдардан соң да жұрт жабылып тойлайтындай іс атқармаған да шығар... Себебі, нақ осы күні, ең көп сыйлық сатып алынады, ең көп гүл сатылатын күн де - әр жылдың 14-ақпаны. Елірген жастар ғашықтығын мәрттігімен дәлелдеу үшін ештемеден аянып қалмайды. Демек, бұл сауда саласындағы аға-әпкелеріміздің ірі жобасы болуы да мүмкін. Алайда осы мерекені барын беріп тойлап жүрген жастардың өзі бұл қайдан шыққан мереке екенін, бұның тарихы қандай екенін біреуі білсе, біреуі білмейді.

Бірақ, амал нешік, Валентин күні «мерекесі» бүгінде мәдениетімізге берік орнығып алып, жастардың санасынан шығар емес. Бір жағынан бұл біздің ұлттық иммунитетіміздің

әбден әлсіреуінен де болуы мүмкін. Мәселен, қатты тұмау тиіп ауырсаң, антибиотик қабылдамай сауығып кетпейсің ғой. Сол секілді мәдениетімізге сіңіп, жастардың санасын улап үлгерген «аурудан» да айығу үшін соған қарсы тұра аларлық, тіпті одан да күштірек ұлттық қорғаныш қабілеті керек. Яғни, ұлттық рухани-мәдени мақтаныштарымызды насихаттауымыз қажет. Әрине, бұл қазақ халқында қорғаныш қабілеті жоқ дегенді білдірмейді, Жастарымыз жаппай католиктердің Валентинін өзіне пір тұтып, 14-ақпанды мереке етіп тойлағандықтан, Республикалық жастар қозғалысы ақылдаса келе, 2006 жылы 15-сәуір «Қозы мен Баян» ғашықтар мейрамы деп белгіледі. Расында да қазақи «Ғашықтар күнінің» болғаны қуанышты, дегенмен, бұл мейрамның тойлануы әлі төмен дәрежеде.

Қалай десекте, ел болып етек-жеңімізді жиып отырған тұста, тәуелсіз елдің ұландарымыз деп марқайып жүрген жастар «кірме мәдениеттің» жетегінде кетпесі үшін ұлттық мәдениетімізді насихаттайық. Сондықтан ұлттардың өз кескін-келбетін сақтап қалуы тікелей сол ұлттың рухының тәуелсіздігіне, діңгегінің мықтылығына байланысты. Валентиннің «әулие» екендігіне имандай сенген жас жігітті немесе талдырмаш қызды өз ұлтының уызына қанған, мұсылмандық сеніміне берік, отбасы тәрбиесін көрген деп қалай айта аламыз...? Демек, бір бармағын бүгіп алып, «достық саясат» жүргізісі келіп отырғандардың шылауын да кетпес үшін шындап ойлануымыз қажет.

Біз осы әңгімемізді әрі қарай жалғастыру барысында жастар арасына сауал етіп тастап көрдік, «Сіз үшін ғашықтар күні 14-ақпан ба, әлде ...»

Әйгерім Қауен, филология факультетінің 2 курс студенті:

Жастар арасында кеңінен сөз таластыратын осы мәселеге байланысты мынадай бір өлең шумақтары бар емес пе?

Біз қазақпыз, ғашық болған Баянға,
Ей, жастарым елің үшін аянба
Ғашық болсаң Валентин күнін емес
Қалқаман мен Мамыр жайын баянда.
Біз қазақпыз ғашық болған Жібекке,
Еңлікті айт, ынтық болған Кебекке
Қазағымның өз тарихын тұрғанда
Өзге ұлттың «Валентині» керек пе?

Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, қазақтар өзге ұлттың мейрамын былай сырып тастап, өзіміздің сәуір айының 15-ші жұлдызына енгізілген «Ғашықтар күні» мерекесіне баса назар аударып, өз дәрежесінде атап өтсе екен деген тілектемін.

Ақсұңқар Жұмбаева, филология факультетінің 2 курс студенті:

14-ақпан Әулие Валентин күні — қазаққа жат мереке. Жастарымыздың санасын жаулап, кейбір кәсіпкер аға-әпкелеріміздің қалтасының қалыңдауына септігін тигізуде. Мереке тойлауға шыққан әрбір жас жүрекше, гүл және мейрамхана мәселесіне көп ақша беледі. Кәсіпкерлерге ұлттық мүддеден ақша жақын, осылай жалғаса берсе халқымыз дүбәрә болмасына кім кепіл. Бұл күнді тойламас бұрын, мереке деп жүрген жастар осы күннің тарихын оқыса екен деймін. Сонан соң көре жатар... Менің пікірім: халқымыздың өзіне ғана тән төл мерекелері бар, ол болмаса 2006 жылы 15-сәуір күні жарияланған Қозы Көрпеш-Баян Сұлу мерекесі бар, ол Валентин күнінен артық болмаса кем емес, сондықтан менің жастарға айтарым, қайдағы бір католиктің мерекесін тойлап төбемізге шығармайық!

Төрехан Дүйсенбиев, информатика мамандығының 2 курс студенті:

Қазір бұл мереке жастардың санасына әбден сіңіп бітті деп айтуға болады. Негізі тәрбиелік мәні жоқ, дәстүрлік сананы бұзушы, әдептің әлеуетін артқа тартушы бұл мерекені бізге дендеп енуі ойландыратын нәрсе. Жер-жерде осы мерекені тойламау мақсатында «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», Қыз Жібек пен Төлеген» сынды махаббат күндерін атап өту бастау алғанымен, нәтижесі кемшін бір кездік шаралармен шектеліп келеді. Жүйелілік жоқ. Бір-екі облыста өткізілген мерекенің берері аз. Мұндай мерекелерді бүкіл республика көлемінде тұрақты өткізгенде ғана біз осы бір бас ауруға айналған жаттың жарымсақ мерекесіне қарсы тұра аламыз. Жаттың мерекесін жарылқағанша, өз дәстүрімізді дәріптейік.

Шырайлым Тұманбаева, қаржы мамандығының 2 курс студенті:

Мен бұл мейрамның тойлануына түбегейлі қарсымын. Қала дүкендері мен базарларда қасиетті Валентин күні үшін сатылып жатқан түрлі-түсті жүрекшелер, қос ғашықтың бейнесіндегі бұйымдардан көз сүрінеді. Қаншалықты көп адам мейрамды атап өтсе, саудагерлердің табысы соншалықты молайды. Осылай қалтаның қағылғаны аталмыш мерекесымақтың бізге әкелер зиянының тек бір ғана қыры, ал бізге көрінбей жатқан қандай зияны бар екенін кім білсін. Бір сөзбен айтқанда, қазақ үшін махаббат күні емес, машақат күніне айналып барады. Бақытының баянды болып, шаңырағының шайқалмауын Алладан емес, қайдағы бір Валентиннен тілеп, адасқан замандастарыма айтатыным, католиктердің мерекесін дүркіретіп тойлаудан аулақ болайықшы!

Анар ҚАПАШЕВА,
қазақ тілі мен әдебиетінің 2-курс студенті



4 наурыз күні «Информатика» кафедрасының 1-курс студенттерінің арасында «Инфо-Friends» атты интеллектуалдық сайыс оздырылды.

«Инфо-Friends» интеллектуалдық сайысы

Интеллектуалдық сайыс заман талабына сай ақпараттық коммуникативтік технологиялармен жабдықталған «Махамбет» ақпараттық технология паркінің 222-ші кабинетінде өткізілді. Сайыстың мақсаты 1 курс студенттерінің «Информатика», «Программалау», пәндерінен алған теориялық білімдерін шыңдау, олардың шығармашылық ойлауын, интуициясын, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, құзыретті маман болуға дайындау, ұжым болып жұмыс жасауға және жауапкершілікке тәрбиелеу болатын. Сайыста «Информатика» (пед.), «Информатика» (тех.), «Есептеуіш техника және программалық қамтамасыз ету», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарынан құралған топтар бақтарын сынады. Байқауға инновациялық технология департаментінің директоры Д.Г.Габдуллаев, БҚМУ тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі М.И.Исатаев, информатика кафедрасының оқытушысы А.А.Хамзина, информатика мамандығының 4 курс студенті

Б.Оразғалиева, физика мамандығының 3 курс студенті Р.Хайруллина төрелік етті.

Сайыс «Инфо-эрудит», «Инфо-мақал», «Инфо-веер», «Инфо-жест», «Инфо-полиглот» атты 5 бөлімнен құралған болатын. Интеллектуалдық сайыс адамды жылдамдыққа, уақытты үнемдеуге алған білімді қайталауға үйрете отырып, білік пен дағдыны қалыптастыруға тәрбиелейді. Аға оқытушы Мухамбетова Ғайнеш Ғұмарқызының шәкірттері сайыста өз білімдерін саралады.

Сайыс информатиканың даму тарихы, ғалымдар, ақпараттық коммуникативтік технология, интернет технология бөлімдері бойынша дамытушы тапсырмалардан тұрды. Студенттер заманауи компьютерлік технологияны жеткілікті деңгейде меңгергенін көрсетті. Сайыс соңы қазылар тарапынан әділ бағаланып, қорытындыланып, жеңімпаздар анықталды. Нәтижесінде Информатика (пед.) мамандығының студенттері 1-ші орынды, «Информатика» (тех.) мамандығының студенттері 2-ші орынды, «Есептеуіш техника және программалық қамтамасыз ету» мамандығының студенттері 3-ші орынды иеленді. Сонымен қатар, әрбір команда ойыншылары «Үздік ойыншы» деген марапатқа ие болды. Физика-математика факультетінің деканы А.Б.Медешова құттықтау сөз сөйлеп, студенттерге оқуда сәттілік тіледі. Кеште өр рухты Махамбет бабамыздың ізмен өнер-білімді жанына серік еткен факультеттің белсенді де, өнерлі студенттері ән шашуын сыйлады, Мұқағалидың өлеңдері оқылды.

Өте жоғары дәрежеде өткізілген «Инфо-Friends» атты интеллектуалдық сайысты ұйымдастырған информатика кафедрасының аға оқытушысы Ғайнеш Ғұмарқызына алғысымыз шексіз. Студенттерге білім майданында таудай талап, талмас қанат тілей отырып, алдағы уақытта осындай сайыстардың қатары көбейе берсін демекпіз!

Зухра МАКСИМҚЫЗЫ,
информатика кафедрасының оқытушысы



Ғылыми байланыс - заман талабы

19 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Физика-математика» факультеті Қалмақ мемлекеттік университетімен бірге «Жоғарғы оқу орнындағы модульді құзыретті оқытуда қолдану» атты ғылыми-әдістемелік онлайн-семинар өткізді. Онлайн-семинарға ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтар, физика-математика факультетінің деканы А.Б.Медешова, факультеттің оқытушылары және ақпараттық жүйелер мамандығының студенттері, Қалмақ мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар бойынша проректоры В.О.Имеев, «Математика, физика және ақпараттық технологиялар» факультетінің деканы Е.В.Сумьянова, «Ақпараттық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі М.В.Горяев, халықаралық байланыстар бөлімінің жетекшісі К.Б.Болаева және кафедра оқытушысы Е.О.Басангова, Е.Н.Джаханаева қатысты.



Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтар екі университеттің арасындағы байланыстың әрі қарай жалғаса беруіне және осындай шаралардың өтуін жалғастыруға тілек білдірді.

В.М.Горяев «Қалмақ мемлекеттік университетінде бәсекеге қабілетті тұлғаларды дайындауда «Фундаментальді информатика және ақпараттық технологиялар» бағытындағы оқу бағдарламасы аясында ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада «Фундаментальді информатика және ақпараттық технологиялар» бағытында оқытылатын пәндер бойынша модульдік оқыту туралы айтып өтті.

БҚМУ оқытушысы Ж.С.Иксебаева «М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дағы көптілді білім беру» атты тақырыпта баяндама жасап, Қалмақ мемлекеттік университетіне физика-математика факультетіндегі көптілді білім беруді таныстырып және оны дамыту жолдарын талқылады.

Онлайн-семинарда «Қос диплом мәселелері және оларды шешу жолдары» мәселесі қарастырылды. А.Б.Медешова 5В011100 «Информатика» мамандығының студенттері төрт жыл БҚМУ-да оқып, бесінші жыл Қалмақ мемлекеттік университетінде «Фундаментальді информатика және ақпараттық технологиялар» бағытында оқуын жалғастырып, екі диплом алатындығын айтып өтті. Осы мәселе бойынша БҚМУ-да оқып, бесінші жыл Қалмақ мемлекеттік университетіндегі дәстүрлі оқыту технологиясы арасында қарама-қайшылықтар болатындығы, сонымен қатар мамандықтар арасында айырмашылықтарды қосымша оқу семестрі арқылы ақылы тапсыруға болатындығын айтты. Өз кезегінде Қалмақ мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар бойынша проректоры В.О.Имеев бұл мәселені әлі де тереңірек қарастырып, оқу жұмыс бағдарламаларын қайта қарастыруды, БҚМУ-дағы 1 кредит Қалмақ мемлекеттік университетінде 36 сағат екенін ескеру керектігін және қос диплом жөнінде тағы онлайн-семинар жасап, талқылауды ұсынды. Мұндай онлайн-семинар факультетте бірінші рет ұйымдастырылып отыр және алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасын табады деп ойлаймыз.

Динара ЖАРКИНҚЫЗЫ,
информатика кафедрасының оқытушысы

■ «Қазақстан-2050»

Әйел - ана, батыр, жар

«Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар. Халқымыз «Қыздың жолы - жіңішке» дегенге ерекше мән беріп айтады. Бойжеткеннің жолы, қыздың жолы - қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана - оның ең ардақты тұлғасы болды. Біз әйел затына - анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Біз ананы қорғап-қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс. Мемлекет әбден асқынған жыныстық құлдыққа, әйелге тауар ретінде қарайтын көзқарасқа айрықша қатаң түрде тыйым салуға тиіс. Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек. Заң, мемлекет және мен біздің ханымдарымыздың жағындамыз. Біз бұдан әрі де елімізде әйелдердің рөлі артуы үшін барлық жағдайды жасайтын боламыз. Қазіргі замандағы қазақстандық әйел қызмет істеуге ұмтылуы керек. Әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене тартқан жөн, әсіресе, жергілікті деңгейдегі өңірлерде. Олардың бизнес ашып, оны жүргізуіне де қолайлы жағдай жасаған абзал.» - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында әйел затына үлкен мән береді.

Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Олар - өмір - өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» деп қараған. Әйел - ибалы қыз, инабатты келін, қарындас, ана, апа, әже. Ата-бабаларымыз қашанда ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген, әйелді құрмет тұтқан. «Алып анандан туады» демекші, біздің қайсар аналарымыз талай-талай таланттарды дүниеге әкелді.

Қазір тарихи сахнада ғылым, білім, техника, ақпарат, сауаттылық заманы. Ерлердің ісі болып есептелетін салада әйелдердің саны артып келе жатқандығын кім де болса мойындайды. Әйел көлікті де жүргізе алады, ұшақты да басқарады. Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс істеп жүр. Талантты, білімді әйел ешқандай тосқауылға қарамай, отбасын құрып, билік басында отырып, керек десеңіз министр қызметін де атқара алады.

Қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны, ең алдымен, отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Яғни әйел адам - қоғамымыз үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар. Сондықтан да отбасы мен қызметін бірге ала жүріп, әлемнің бесігін тербеуге құдіреті жететін әйел адамды әрқашанда құрмет тұтуымыз керек!

Айгүл МЕДЕШОВА,
физика-математика факультетінің деканы

Ғажайып сандар әлемі

Адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі - математика. Математиканың алғашқы бесіктерінің бірі Мысыр елі болды. Адамзат даналығының ойлап тапқан жаңалығы ол - жазу. Қазіргі әлем халықтары жазуды жоғарыдан төмен, солдан оңға қарай жазып жүр. Неге? Өйткені, олар бұл әдісті соқаның қозғалысынан алған екен. Осы жазулардың негізінде пайда болған таңбалардың бірі - цифр. Цифр дегеніміз - сөздерді қағаз бетіне қондыру үшін қолданылатын әріптер қандай қажет болса, сандарды жазу үшін керекті таңбалар. Цифр деген сөздің төркіні арабтың «Әс-сифр» деген сөзінен алынған, ал оның мағынасы үнді халқының бос орын - «Сунья» деген сөзінің аудармасы екен.

Қазақ халқында «ғажайып» сандар бар деген пікірді қолдайсыз ба? Үш, төрт, бес, алты, жеті, қырық, жүз сандары ғажайып сандарға жатады, өйткені бұл сандар мақалдарда, аңыз-әңгімелерде, Абай өлеңдерінде, т.с.с. әдеби шығармаларда жиі кездеседі. Адам дүниеге келгенде жеті күнде кіндігі түседі, қырқынан шығарып, шілдехана тойын жасайды. Ал, адам өлгенде о дүниелік болғанының үш, жеті, қырық, жүз күндігі аталып, марқұмды еске алу садақалары өткізіледі.

Ғажайып сандардың бірі - жеті саны жайлы айтар болсақ, жердің жүзін мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаса, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды.

Жеті ата. Бұл - қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны ата-анасы, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. Өйткені қазақ жеті ата дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы - туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Осындай мәлімет бере отырып, назарларыңызға төмендегі тапсырманы ұсынып отырмыз:

- Ойланып, тауып көріңіз!
- 1) Үш төтті; Үш қуаныш; Үш асыл; Үш тағылым.
 - 2) Төрт періште; Төрт кітап; Төрт мұрат; Төрт күнә.
 - 3) Бес қару; Бес жаратылыс; Бес өсиет; Бес қатер.
 - 4) Алты алаш; Алты игілік; Алты парыз; Алты асқар.
 - 5) Жеті күн; Жеті жетекші; Жеті ғалам; Жеті амал.

Тапсырманың дұрыс жауабын келесі санда күтеміз!

Техникалық және кәсіптік білім беру - Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуын іске асырушы еңбек кадрларын даярлаудағы сапалы ұмтылыс.

ПАРАСАТ

№3(8), наурыз-сәуір 2013 жыл

Ананы ұлықтауды әлем бізден үйренсін...

Өмірдің иесі сен, ғазиз Ана,
Келтірген дүниеге нелер дана.
Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,
Өмірдің алтын кілті сонда ғана, - дегендей көктем табиғатымен ұжымдасқан жылылық, шексіз мейірімділік, дүниеге жаңа келген тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ құдірет иесі, адам сәулетшісі - ол Ана.

Адам "адам" болғысы келсе, алдымен ананы қастерлей білуі керек. Өмірде ана алақаның қызуы мен әке-шеше мейірімін тоя жеген тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды. Осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар жүргізген бір қарапайым тәжірибе осыған дәлел болса керек. Ғалымдар адам аналарынан айрылған маймыл балалар үшін екі қуыршақ маймыл ана жасап, бірінің омырауынан сүт шығатын, денесі қатты да суық етіп, екіншісінің омырауынан сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп, жасаған екен. Маймыл балалары сүті бар денесі қатты қуыршақты емес, сүті жоқ болса да денесі жұмсақ қуыршақты ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығылған. Міне, сонда кімге болса да бәрінен бұрын керегі мейірім, ана құшағы ғана.

Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде де ең алдымен ананы құрметтеу парыз екені айтылады. "Әуелі анаңа, тағы да анаңа, содан соң әкеңе жақсылық жаса" делінген. Ана - үйдің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Ананың көзінен нұр төгіліп, жан-жағына шуағын төгеді емес пе? Осы



шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейір алып жүрген біз - алтын ананы мәңгі қастерлеп, еңбегін бағалап өтейікші!
Аяулы ұстаздар мен ару қыздар, көктемгі гүлдей құлпырып, жайнап жүре беріңіздер!

Құрманғазы ӘЛІПОВ,
математика мамандығының 2 курс студенті

Батамен ел көгерер...

Бала көзімізден 14 наурыз күні таңмен асыға тұрып, үлкендердің батасын алуға, көрісуге шабатынбыз. Ауылда үйді аралап, бауырсақтан дәм тиіп, тәтті тағамын, көмпиттерін қалтамызға сыйғыза алмай бір жасап қалушы едік. Ал аналарымыз қыстан жинаған бар тәттілерін дастарханға жайып отыратын. Бұл күні бүкіл ауыл бір-біріне туыс жандардай болып шыға келетін.

Міне, қыстың ызғары кетіп, шуақты көктем басталғанда келетін бұл айтулы күннің әсері адам үшін ерекше есте қаларлық. Дәстүр жалғастығы ретінде колледжімізде «Бір жасыңмен!» атты үлкен шара өтті. Дәстүрге сай кіші үлкенге барып тес қағысып, қол алысты. Әр топтың үлкені бата беріп, бір-біріміздің бауырсағымыздан ауыз тидік. Ал, кураторлар мен ұстаздарымыз тәттілерін дайындап, студенттер мез-мейрам болып қалды.

Көрісу күні әр адам өзінің тума-туыс, жақын-жуық адамдарының, дос-жарандарының бәрімен қол алысып, көрісіп шығуы тиіс. Тіпті 14 наурызда көрмей қалған жақындарын одан кейін де, сәуір, мамыр айларында көрсе де, көрісіп амандасу міндет болып табылады.



Шуақты көктемнің келуімен үндесіп жатқан қос мерекенің тамыры бір жерден шыққан. Салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды дәріптейтін Наурыз мейрамына арналған 19 наурыз күні «Қош, келдің өз-Наурыз» атты колледж мұғалімдері мен студенттерінің шағын мерекелік концерті өтті.

Колледжімізді қазақы түрде безендіріп, киіз үй тігіп, жерімізді гүлмен көмкердік. Үлкен дастархан жайылып, қазақтың ұлттық бесбармағы, мейрамның символы Наурыз көже, қазы-қарта, бауырсақтардан ауыз тидік. Ұстаздарымыз ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді көрсетсе, студенттеріміз ән шырқап



мерекенің сәнін келтірді.

Үлкеннен бата алып, бір-бірімізге тілек тілеп, «Келесі наурызға дейін аман-есен жетейік»,- деп Мейрам Исатайұлы өз лебізін жеткізді.

Мереке алтыбақан теуіп, ұлттық ойындар ойнаумен жалғасын тапты.

Бақайдың немересі Әлібек

Қалың қалай, түлек?!

Колледж қабырғасында жүріп, болашағынан көп үміт күттірген белсенді студенттер қазіргі таңда қайда жүр, өмірде өз орындарын тапты ма? Өз мүдделерін қоғам мүддесімен қалай үндестіруде?


Осы бағытта сауалнама жүргізіп, түлектермен жүздесудің сәті түскен еді.

Жүсіпов Бауыржан,
«Еуразиялық банк» АҚ,
келіпдіксіз бөлімнің не-
сие бойынша бас мама-
ны (2010 жылғы түлек):



- «Мектепті аяқтаған соң, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға құжат тапсырып, өз білімімді сынап көрдім. Екіншіке орай, қалаған оқу орныма түсуге мүмкіндік болмады. Дегенмен, сонау Арал теңізі жағасынан білім іздеп келген соң, қайта кетуге намысым жібермей, осы оқу орны жанындағы колледжге түсуді жөн санадым. Колледжді мемлекеттік тапсырыс негізінде үздік аяқтап, ЖОО-ға қайта бардым. Қазіргі таңда сол кезден бастап жинаған теориялық білім мен практиканың арқасында халыққа қызмет көрсетіп келемін. Батыс өңіріне келгенде құшақ жая қарсы алған ұстаздарыма және кураторым Жансая Мұратқызына алғысым шексіз».

Қарекенова Мәлдір,
«Батыс Қазақстан облысы бойынша монополияға қарсы инспекциясы» мемлекеттік мекемесінде «Тереу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің» бас маманы (2011 жылғы түлек):



- «Қазіргі заман талабы - экономика саласы мен IT технологияларды меңгерген, өзінің кәсіби деңгейімен нарықтың жаңа ағымына жауап бере алатын білікті техникалық мамандардың қажеттілігі. Осы қажеттіліктерді мен

бітірген БҚМУ колледжі жүзеге асырып жатыр десем, қателеспеймін. Өндірістік машықтан өтіп жүріп, әрі қарай осы жұмысқа орналасуыма мүмкіндік берген оқу орнына және кураторыма алғыс жолдаймын».

Жаманкулов Асхат,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Студенттік мансап және кәсіби даярлау» департаментінің аға менеджері (2009 жылғы түлек):



- «Адамға ешқашанда өз мақсатына жету кеш болмайды. Мен өз басым мектепті жақсы аяқтағаныммен, 1 жыл ата-анама көмектесіп, шаруашылықпен айналыстым. Содан кейін осы білім ордасына оқуға түсіп, досым Амангелді Имашевпен бірге түрлі қоғамдық жұмыстарда колледж намысын қорғап жүрдік. СҚЖ қатарында болып, үздік жауынгер де атандым. Болашағыма жол ашқан оқу орныма шексіз ризамын».

Искадиев Жомарт пен Тасанова Қарлығаш
- 2008, 2009 жылғы түлектер, Қазіргі таңда отбасылық жұп Теректі ауданы, Аңқаты ауылы, Аңқаты жалпы орта білім беретін мектепте физика пәнінен сабақ береді.



- Ұстаздық қызметті таңдаған жұп колледж қабырғасында түрлі шараларда өз білімдерін сынап жүрді. Колледжді аяқтаған соң, екеуі де БҚМУ-да білімдерін жалғастырып, мемлекеттік тапсырыс негізінде аяқтады. Қазіргі таңда Қарлығаш 1 курс магистранты. Ауылда алғаш еңбек жолын бастаған жас мамандар мектептің мерейін арттыруда да өз үлестерін қосып келеді. Шәкірттері ҰБТ-дан 100% көрсеткішпен еңбектерін ақтап келеді. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасына сай мемлекет тарапынан қолдауларға ие болып, жас шаңырақтың керегесі кеңеюде.

Ғажап қаладағы ғажайып крндер!

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері аттай жүйрік темір тұлпармен құстай ұшып, Ақтөбе қаласына Наурыз мерекесін тойлау үшін қыдырып бардық.

Ертегіге айналған әсем де сұлу, көздің жауын аларлық табиғатымен сәулеті жарасқан ару Ақтөбені көруге біз де көптен бері құмартып жүр едік. Сөйтіп, наурыздың демалыс күндерінде тамаша көктеммен бірге құлпырған қаланы көруге нәсіп етіпті. Көптің қуанышына айналған «Мега» деп аталатын орталық пен «Н.Назарбаев алаңы» бізді көркемділігімен таңқалдырды.

«Тойдың боларынан боладысы» қызық демекші, Ұлыстың Ұлы күнін атап өту үшін ұлттық киімдер киген қазағымыздың қонақжай халқы «Н.Назарбаев» алаңына жиналыпты. Алаңда тігілген аппақ ақмаржандай киіз үйлер көздің жауын алады. Әр үйде қайнап жатқан наурыз көжелер мен бауырсақтарға қарап көзің тояды. Бірге жүрген жастар үйлердегі дәмдерден ауыз тиіп, көтеріңкі көңіл-күймен алтыбақан теуіп, Біржан сал, Ақан серілердің жолын басқан ақын жігіттіміз

Азамат суырыпсалмалығымен халықтың назарын өзіне аударып, қошеметке бөленді.

Бір өлеңді бастайын жұртым аздап
Төрт жігіт Оралдан келіп қалдық
Арамызда Данагүлдей бір қызғалдақ
Ағайындар бұл мерекені шын ұғыпты
Осылайша киіз үйді тігіпті ғой
Және де алтыбақан құрылыпты.
Ойлаған мақсаттарға жетеміз бе?
Біздерде бір қимылды етеміз бе?
Ендеше алтыбақан тебейікші,
Әдейі Ақтөбеге келген кезде,
Алтыбақан тебе алмай кетеміз бе?-деген
Азаматтың жыр жолдары жиналған қауымға
шалқар шабыт сыйлады.

Міне, студенттер қауымы да ұлттық мерекені әсем де әсерлі өткіздік.

Данагүл ЕРҒАЛИЕВА,

филология факультетінің 1-курс студенті



Отбасын құруға дайынсыз ба?

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде студент жастарға болашаққа бағыт-бағдар болар күрделі мәселелер қозғалып, бастамаларына қолдау көрсетіліп келе жатқанына ешкімнің таласы жоқ.

Студент жастар үшін бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі отбасылық өмірге қадам басыу, отбасын құруы оның жауапкершіліктерін сөзіне білуі болып табылады. Университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің ұйымдастыруымен студент жастарға арналған «Отбасылық өмір және жастарды отбасылық өмірге дайындаудың маңыздылығы» тақырыбында ашық семинар өткізілді.

Семинарды осы шараны ұйымдастырушы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі М.И.Исатаев ашып, студенттердің тұлғалық, мәдени, білім алуын жүзеге асыру, ғылыммен айналысуын қамтамасыз етілетінін, ал жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесі кенже қалып тұрған мәселе екенін ашық айтты. №3 Орал қалалық емханасының жасөспірімдер дәрігері, гинеколог С.Н.Бисембаева «Жастардың дұрыс психологиялық, физиологиялық жетілуі – отбасын құруға негізгі әсер етуші факторлардың бірі», Орал қалалық әділет басқармасы, азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімінің маманы Р.С.Даниялова, педагогика және психология кафедрасының магистр-оқытушысы С.Б.Калаханова «Жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері», қазақ филологиясының магистр-оқытушысы Г.Г.Тұрғаналиева «Қазақ әдебиетіндегі қазақ отбасыларының рөлі», құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Ж.Ө.Базарғалиева «Қазақстан Республикасының жас отбасы және жастардың құқықтық мәртебесі» тақырыптарында баяндамалар оқыды.

Семинарда күн тәртібіндегі өзекті мәселе жан-жақты қарастырылып, мән-маңызы баяндалды. Отбасы

үлгісін қазақ әдебиетінен, тарихтан, шынайы өмірден, заң тұрғысынан, медицина саласынан қарастырды.

Осы семинардан кейін студент-жастарымыз өздерінің түйген ойларын былай деп өрбітеді:



Тұрақова Ақтолқын:

Ата-бабамыз «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп текке айтпаған. Отбасын құру - бұл бір сөзбен айтқанда, жаңа өмірге аяқ басу, яғни сүйіп қосылған жартымен өмірдің қызығы мен қиыншылығын бірге көру. Ал қазіргі жастардың көпшілігі үйленгеннен кейін қиыншылыққа мойы-

май, ажырасып жатады. Жастарымыз отбасын құруға ерте шешім қабылдайды, бұл меніңше дұрыс емес. Жалпы өзім ерте отбасын құруға қарсымын. Оқу оқып, білім алып, жұмыс жасап ата-ананың сенімінен шығып, үмітін ақтап, ақ батасын алып кеткеннен артық не бар?! Және де өмір бойы жаныңда болатын, қуанышта да, қайғыда да, қасыңнан табылатын болашақ жарыңды асықпай таңдаған жөн деп ойлаймын.

Абзалов Ернар:

Қазіргі қоғамда үйлену оңай дегеннің өзінде есеппен үйленем деушілер көп кездеседі. Көп жігіттер осыдан зардап шегеді. Қазақ салтындағы құда түсу, тәтті шай беру, қалың мал өтеу, сырға тағу сияқты әдеттер материалдық қажеттілікті қажет етеді.

Ең бірінші ер азамат мамандық таңдау мен жар таңдаудан қателеспей керек. Инабатты, парасатты, ақылды, иманды қыз – болашақ ана, елдің ұйытқысы. Пайғамбарымыз: «Қыздың көзіне, тегіне, әлеуметтік жағдайына, иманына қарап үйленіңдер. Сендер үшін ең абзалы - оның иманы» деген екен.

Жеңілі мен ауыры, шуағы мен дауылы қатар жүретін өмірде бір жағынан, жан жарың, бір жағынан сырлас досың да бола алатын екінші жартыңды таңдарда жүз рет өлшеп, бір рет кескен абзал. Тек жар таңдауда ғана емес, қай қай істе де ойланып, толғанып шешім қабылдау керек. Сонда ғана өттеген-айлар аз болады деп ойлаймын.

Гүлфани ХАМЗИҚЫЗЫ

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2 курс студенті

П
Е
Р
Е
М
Е
Н
А



Новое повальное увлечение - танец «Harlem Shake» завоевал сердца миллионов людей и распространяется среди молодежи со скоростью взрыва. Интересно, а что думают наши студенты об этом безумном танце?

Кассандра Рахматуллина, филфак, 2 иностранных языка, 2 курс:

-Я считаю, что эти танцы не соответствуют для наших студентов. Наши хотят подражать им, а в итоге их отчисляют с университета. Я не считаю, что этот танец танцует молодежь, потому что им так нравится, скорее всего они лишь подражают, и думают это круто. И в интернете очень много роликов. это слишком непристойные и грязные танцы.

Жанна Макешова, истфак, регионоведение, 2курс

-Этот танец негативно влияет на молодежь, но, танцуя этот танец, мы все равно остаемся казахами. И это безумное увлечение так же, как мода, со временем устареет и забудется. Наши родители ещё во времена студенческой жизни увлекались группой «Битлз» и танцевали под ее музыку, и в этом нет ничего особенного. У каждого времени есть своя музыка.

Мария Социалова, филфак, 2 иностранных язык, 2 курс:

-По-моему, в этом танце нет ничего такого необычного. Такой же типичный американский танец, как в свое время были известны брейк-данс и тектоник.

Серикбол Куркембаев, истфак, құқықтану, 3 курс:

-Сегодняшняя молодежь очень отличается от предыдущих поколений. Они увлекаются не тем, что действительно интересно, а тем, что сегодня модно. И интернет забит бессмысленными роликами, одну из которых мы обсуждаем. Да, этот танец, или увлечение, приводит сознание молодежи к низам. Просто не нужно обращать на это внимание, и со временем это забудется.

Дамир Хасангалиев, истфак, құқықтану, 4 курс:

-«Гарлем шейк» – новый «гангнам стайл», -на языке молодежи. Конечно же этот танец бесспорно завоевал сердца молодежи. На мой взгляд, это сумасшедший танец, вырабатывается адреналин, но все-таки увлекаться не стоит. Современную молодежь должны волновать не эти уличные танцы, а будущее, основанное на образовании.

Асем МУРЗАБАЕВА,

студентка 2-го курса «Регионоведение»

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА, Данагүл ЕРҒАЛИЕВА, ЯНА ГУМАРОВА

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Жанаман ЕРҒАЛИЕВ
Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.